

Саңлақтарға сый-құрмет



2-бет

Бірыңғай форма, бірегей мүмкіндік



4-бет

Достықтың дара болмысы



8-бет

## Өндірісті ғылым өркендетеді

Ғылым өндіріс дамуының өзегі екендігін уақыт ендігі көрсетіп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел өсіп-өркендеуі үшін цифрландыру мен жасанды интеллекттің дамуына аса мән беріп, ол өзінің сөзінде «Университет – зерттеу – инновация – коммерция» экокүйесі біртіндеп пайда болып жатқанын атап өтті. Мысалға, өңіріміздегі Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті ғалымдарының бастамалары ғылым мен өндірістің тиімді байланысын көрсетіп отыр. Металлургияда сапаны арттыру, агроөнеркәсіптік кешенді цифрландыру, тау-кен өндірісіндегі қауіпсіздікті күшейту бағытындағы ғылыми жобалар – соның дәлелі.



Коллаж жасаған Арнайым Коптеева

Қасымхан БҮРКІПҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Сапалы болат – өндіріс тірегі

Бүгінде ауыр өнеркәсіпте сапа алдыңғы орынға шықты. Тау-кен, машина жасау, энергетика сияқты салаларда қолданылатын жабдықтар күн сайын күрделене түсуде. Олар жоғары температурада, қатты қысымда, тіпті, агрессивті ортада жұмыс істейді. Мұндай жағдайда қолданылатын материалдың, әсіресе, болаттың сапасы – бүкіл өндірістің тағдырын шешеді.

Қазір жауапты бөлшектерді жасау үшін негізінен күрделі легіріленген болаттар пайдаланылады. Алайда, оларды өндіру

барысында бірқатар қиындықтар туындайды. Ең басты мәселе – болаттың ішкі құрылымындағы біртектіліктің бұзылуы мен көзге көрінбейтін ақаулардың пайда болуы. Мұндай кемшіліктер кейін жабдықтың тез тозуына, тіпті, істен шығуына алып келеді. Ал, бұл өз кезегінде өндіріс үшін қосымша шығын, уақыт жоғалту.

Осы уақытқа дейін ғалымдар бұл мәселені болат құрамына түрлі

элементтер қосу немесе оны термиялық өңдеуді күшейту арқылы шешуге тырысты. Бірақ, бұл тәсілдер қазір өзін толық ақтамай отыр. Себебі қосымша қоспалар өнімнің бағасын қымбаттатады, ал, нәтиже әрдайым күткенді бола бермейді.

Сондықтан, ғалымдар жаңа жол іздей бастады. Яғни, болаттың құрамын өзгерту емес, оның ішкі құрылымын басқаруға көңіл бөледі. Бұл бағытта Әбілқас Сағынов

атындағы Қарағанды техникалық университеті ғалымдары маңызды нәтижеге қол жеткізді. Профессор Аристорель Исағұлов жетекшілік ететін топ жаңа технология ұсынып отыр.

Бұл әдістің мәні – балқытылған металға арнайы әсер етіп, оның құрылымын алдын ала «бағыттау». Яғни, болат қалай қалыптасатынын бақылауға мүмкіндік туады. Соның арқасында ішкі ақаулар



азайып, металл біркелкі әрі берік болады.

Зерттеу нәтижелері бұл тәсілдің тиімді екенін көрсетті. Болаттың тозуға төзімділігі артады, бөлшектер ұзақ қызмет етеді. Сонымен қатар, өнім сапасы тұрақтанып, әр партиядағы айырмашылық азаяды. Бұл – өндіріс үшін өте маңызды көрсеткіш.

Тағы бір артықшылығы – бұл технологияны енгізу үшін зауыттарды толық жаңарту қажет емес. Яғни, кәсіпорындар бар жабдықтың өзінде-ақ жаңа тәсілді қолдана алады. Бұл өз кезегінде шығынды азайтып, тәуекелді төмендетеді.

Мұндай жаңалықтың экономикалық пайдасы да айқын. Біріншіден, сапалы отандық болат өндірісі дамып, шетелдік өнімге тәуелділік азаяды. Екіншіден, жоғары сапалы өнім экспортқа шығарылып, елдің бәсекеге қабілеттілігі артады. Үшіншіден, жабдықтардың қызмет ету мерзімі ұзарып, кәсіпорындардың шығыны қысқарады.

Қазірдің өзінде бұл технология өндіріс тарапынан қызығушылық тудырып отыр. Мәселен, Qatmet және «Қазхром» компаниялары болат сапасын арттыру бағытында бірлесіп жұмыс істеуге ниетті. Ал, «Қазцинк» үшін бұл шешім ауыр жағдайда жұмыс істейтін жабдықтардың қызмет мерзімін ұзартуға мүмкіндік береді.

➤ 3-бет

• РЕСМИ

## Ипотека өтеу тәртібі өзгерді

Елімізде зейнетақы жинақтарының артық бөлігін ипотекалық қарызды өтеуге пайдалану тәртібіне өзгеріс енгізілді. Жаңа талапқа сәйкес, енді бұл қаражатты тек ипотекалық қарыздың негізгі сомасын өтеуге бағыттауға болады.

Бұған дейін зейнетақы жинақтары есебінен ай сайынғы ипотекалық төлемді толық өтеу мүмкіндігі қарастырылған болатын. Өзгеріске сәйкес, құжаттарда бұрын қолданылған «қарыз» ұғымының орнына «негізгі қарыз» термині пайдаланылады. Бұл дегеніміз, банк сыйақысы, өсімпұл және қарызға байланысты өзге де төлемдер енді қарыз алушының жеке қаражаты есебінен өтелуі тиіс.

Сондай-ақ, төлем жасау үшін азаматтар «enpf-otbasy.kz» платформасына берешектің нақты қалдығы көрсетілген жаңартылған үлгідегі анықтаманы жүктеуі қажет. Қолда бар түсіндірмеге сәйкес, бұл талап екінші деңгейлі банктердегі ипотекалық несиелерге қолданылады.

Жаңа талапқа сәйкес, енді зейнетақы жинақтарының артық бөлігін ипотекалық қарыздың негізгі сомасын өтеуге ғана бағыттауға болады. Бұған дейін бұл қаражатты ай сайынғы ипотекалық төлемді жабуға пайдалану мүмкіндігі болған.

Өз тілшімізден

### БАСПАСӨЗ-2026

#### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Касп QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!  
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Қауіпсіздік кеңістігі тарылып барады

Жаманат хабар жылдам тарайды. Астанадағы көпқабатты үйдегі үш баланың өрттен қаза табуы – төтенше жағдай туғанда қоғамның неден қапы қалатынын тағы көрсетті. Қоғам неге бейжай? Үй аулаларында аяқ алып жүре алмайтын көлік кептелісі, жолға жөн-жозықсыз, кесе-көлденең қойылды төтенше жағдай кезінде адам өміріне жасалған қасақылық екенін аңғартты. Азаматтардың өзгелер алдындағы жауапкершілікті сезінбейтін сезімсіздігі және белгілі болды. Мұның сыртында 15-20 қабатты үйлердегі қатерлердің салмағын тағы бір саралауды қажет ететінін бұл қайғылы жайт тағы еске салғандай. Мұндай қауіп басқа қаланың басына тұмайтынына ешкім де кепіл емес. Бұдан көпқабатты үйлері күн сайын қаулап өскен Қарағанды да сақтандырылмаған.

### Кең дүние неге тар?

Содан да, өңірде өрт қауіпсіздігі мен жедел қызметтердің жүктемесі біртіндеп артып келеді. Қала кеңейіп, көпқабатты үйлер көбейген сайын қауіпсіздік кеңістігі де тарылып барады. Инженерлік инфрақұрылым мен көлік қозғалысын реттеу жүйесі бұл қарқынға әрдайым ілесе бермейтін байқалады. Соның салдарынан аулалар мен кіреберістер көлікке толып, өрт сөндіру және жедел жәрдем көліктерінің оқиға орнына жетуі мұн. Мұндайда уақыт жай ғана техника-

лық көрсеткіш емес, адам өміріне тікелей әсер ететін факторға айналып отыр.

Бұл жағдайдың салдары қоғам назарын аударған нақты оқиғалардан да көрінеді. Жоғарыда айтқанымыздай, Астанадағы өрт кезінде үш баланың қаза табуы, Қарағандыда жедел жәрдем қызметкерінің жол үстіндегі жанжал кезінде соққыға жығылуы – әртүрлі өңірде болғанымен, түпкі мәселенің ортақ екенін аңғартады. Ол – төтенше қызметтердің еркін қозғалысының қолдан жасалатын кедер-



Сурет ЖИ

гілермен бетпе-бет келуі.

Жаңа тұрғын үй кешендерінде де жағдай жеңілдеп отырған жоқ. Автотұрақ ташылығы тұрғындарды көліктерін аулалар мен эвакуациялық

жолдарға қоюға итермелейді. Ал, бұл өз кезегінде арнайы техниканың қозғалысын шектеп, төтенше жағдай кезіндегі тәуекелді күшейтеді.

➤ 6-бет

# Саңлақтарға сый-құрмет

Монғолия астанасы Уланбатырда бокстан ересектер арасындағы Азия чемпионатынан қарағандылық Сабыржан Аққалықов пен Дина Исламбекова алтын медаль иеленген болатын. Сонымен қатар, Қырғызстан астанасы Бішкекте өткен грек-рим күресінен Азия чемпионатында тағы бір жерлесіміз Ибрагим Магомадов қола жүлдеге қол жеткізді. Әлемдік аренада ел намысын абыроймен қорғаған спортшыларды облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қабылдап, жеңісімен құттықтады. Кездесу барысында спортшылардың табандылығы мен жоғары нәтижесін атап өтіп, арнайы сый-сияпаттар табыстады.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

қарамастан қарсыластарымды айқын басымдықпен жеңдім. Келер жылы Әлем чемпионаты өтеді. Алда оқу-жаттығу жиындары күтіп тұр. Шамалы демалыстан соң жаттығу жұмыстарына қайта кірісемін. Ендігі мақсат – Әлем чемпионы атану, – деді боксшы.

Сабыржан Аққалықов болса, бұл чемпионатта 75 келі салмақта өнер көрсетті.

– Дайындық қарқынды өтті. Мақсат – жеңіске жету еді. Соған қол жеткіздік. Қазір Азия ойындарына дайындықты бастап кеттік. Міндет – қайтадан алтын алу. Салмақ дәрежесін нақтылап, жаттығуды жалғастыру қажет. Ең бастысы – өзіңе сену, – деді ол.

Айта кетейік, күні кеше Туризм және спорт министрінің жерлесіміздің жаңа салмақ дәрежесіне ауысқаны туралы хабар таратты. Бұдан былай Сабыржан 80 келі, яғни, олимпиадалық салмақта өнер көрсететін болады. Енді ол келесі олимпиада жолдамасы үшін бәсекеге түседі.

Алда әлем чемпионаттары мен жазғы Азия ойындары күтіп тұр. Оларға дайындық қазірдің өзінде басталып кетті.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



**Ербол ЕРБОЛАТ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлібек Үсенұлы өз сөзінде жерлестердің жетістігі өңір спорты үшін зор мақтан, әрі ортақ жетістік екенін атап өтті.

– Сіздердің халықаралық аренада өңір намысын абыроймен қорғап, өңіріміздегі жекпе-жек спорт мектебінің жоғары деңгейін тағы бір мәрте дәлелдегендеріңізді мақтан тұтамыз. Әсіресе, жаттықтырушылар штабының еңбегін ерекше атап өткім

келеді. Олардың күнделікті табанды еңбегі, мамандыққа деген адалдығын аңғарамыз. Тәжірибесін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, ұлттық құрамаға лайықты резерв даярлап беріп отыр. Ал, біз спортшының биіктерді бағындыруы үшін қажетті жағдай жасауға бар күш-жігерімізді саламыз, – деді ол.


Дина Исламбекова +80 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен. Оның ақтық сын-дағы үндістандық боксшымен жекпе-жегі турнирдегі ең тартысты әрі әсерлі кездесу-

дің бірі болды. Жерлесіміз жекпе-жектің алғашқы минутынан-ақ қарқынды шабуылға көшіп, қарсыласын ноқдаунға түсірген. Үшінші раундта да екінші мәрте ноқдаун тіркеп, жеңіске жетті.

– Боксқа әкем алып келді. Әрі боксқа келгеніме еш өкінген емеспін. Талай турнирлерге қатысып, тұғырдан көріндім. Әр жеткен жетістігімнен кейін биікке ұмтыла беремін. Азия чемпионаты жоғары деңгейде өтті. Әр жекпе-жектің өзіне тән қиындықтары болды. Соған

# Қалдықтан қуат өндіреді

Аймақтағы «Құрма» агрофирмасы қалдықты пайдалануға айналдырып, «жасыл» энергетиканы табысты бизнеске айналдырды. Кәсіпорнының құс шаруашылығының қалдықтарын толықтай өңдеп, өзін электр және жылу энергиясымен қамтамасыз етіп қана қоймай, органикалық тыңайтқыш өндіріп, жыл сайын жүздеген миллион теңге табыс табады. Бұл – өңірдегі агроөнеркәсіп кешенін жаңғырту мен экологиялық бағыттағы өндірісті дамытудағы нақты нәтиже.



ҚУАТТЫ ӨНІР

**Салтанат ЛИЯШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба 2018 жылы іске қосылып, өндірісті жаңғыртуға 573 млн теңге инвестиция бағытталды. Бүгінде агрофирмада жұмыс істеп тұрған биогаз станциясы тәулігіне 150 тоннаға дейін тауық саңғырығын өңдей алады. Осы көлемнің нәтижесінде тәулігіне 22-23 мың текше метр биогаз өндіріледі, оның шамамен 65 пайызы метан. Ал, электр энергиясын өндіру қуаты сағатына 600 киловаттқа дейін жетеді.

Жоба тек энергия өндірумен шектелмейді. Өңдеу процесінің тағы бір маңызды өнімі – органикалық тыңайтқыштар. Кәсіпорын тәулігіне 20 тоннаға дейін табиғи тыңайтқыш шығарып, оны өз алқаптарында тиімді пайдалануда. Бұл өз кезегінде минералды тыңайтқыштарға тәуелділікті азайтып, өндірістік шығындарды қысқартуға мүмкіндік береді.

Биогаз өндіру технологиясы қарапайым әрі тиімді. Құс шаруашылығы қалдықтары арнайы ферментация процесінен өтеді. Осы процесс барысында бөлінген газ электр энергиясына айналдырылады. Ал, қалдықтың қалған бөлігі экологиялық таза тыңайтқыш ретінде қолданылады. Яғни, бір ғана өндірістік цикл арқылы бірнеше бағытта пайдалануға жол ашылған.

Станция іске қосылған



нан бері шамамен 15 миллион сағатына киловатт электр энергиясы өндірілді. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның энергияға деген ішкі қажеттілігін толық қамтамасыз етіп қана қоймай, артық қуатты тиімді басқаруға мүмкіндік беріп отыр. Ең бастысы – жоба өзін толық ақтап, жыл сайын 100-190 миллион теңге көлемінде тұрақты табыс әкелуде.

Бүгінде мұндай жобалар мемлекет тарапынан да ерекше қолдауға ие. «Жасыл» экономикаға көшу, қалдықтарды қайта өңдеу және энергия тиімділігін арттыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осы тұрғыда «Құрма» агрофирмасының тәжірибесі өңірлер үшін үлгі боларлық нақты кейіс ретінде бағаланады.

Аграрлық секторда қал-

дықтарды кәдеге жарату тек экологиялық мәселені шешіп қана қоймай, жаңа экономикалық мүмкіндіктерге жол ашады. Биогаз өндірісі – соның айқын дәлелі. Бұл бағытта жұмыс істейтін кәсіпорындар бір мезгілде экологияны қорғап, энергия үнемдеп, табысын арттыра алады.

Қарағанды облысында жүзеге асқан бұл жоба ауыл шаруашылығын әртарапандырудың, инновация енгізудің және ресурстарды тиімді пайдаланудың нақты көрінісіне айналды. «Құрма» агрофирмасы көрсеткендей, қалдық – бұл проблема емес, дұрыс басқарылса, табыс көзі.



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

# Барып қайт дәрігер, ауылға...



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Ауылдық жерлердегі медицина саласының басты мәселесінің бірі – білікті кадр тапшылығы. Бұл, әсіресе, шалғай елді мекендерде айқын сезіледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық жерлердегі денсаулық сақтау жүйесін дамыту мен медициналық инфрақұрылымды жаңғыртудың маңыздылығын ерекше атайды. Осы бағытта жүзеге асырылып келе жатқан «Дипломмен ауылға» бағдарламасы ауылдық денсаулық сақтау жүйесін нығайтуда маңызды құралға айналды. Қарағанды облысында да бұл жоба өз тиімділігін көрсетіп, нақты нәтижелер беруде.



**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бағдарлама аясында ауылға барған медицина қызметкерлеріне нақты қаржылай және әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, жас мамандарға бір реттік көтерме жәрдемақы беріледі. Оның мөлшері 100 айлық есептік көрсеткішті құрайды, ал 2026 жылы бұл шамамен 432 500 теңгеге тең. Сонымен қатар, тұрғын үй мәселесін шешу үшін ауылдық елді мекендерге барған мамандарға 2000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде, яғни шамамен 8,6 миллион теңгеге дейін, ал, аудан орталықтарында 2500 айлық есептік көрсеткішке дейін, яғни, шамамен 10,8 миллион теңгеге дейін жеңілдетілген несие беріледі. Несие мөлшерлемесі шамамен 1 пайызды құрап, өтеу мерзімі 15 жылға дейін созылады. Бұдан бөлек, тапшы мамандық иелеріне қосымша қаржылай ынталандыру шаралары қарастырылған.

Облыста бағдарламаның жүзеге асырылуы нақты көрсеткіштермен дәлелденді. 2025 жылы өңірде 116 маман тұрғын үй алуға бюджеттік несие алып, оған жалпы 981 миллион теңге бөлінген. Оның ішінде 30-ға жуық медицина қызметкері ауылдық жерлерге барып жұмысқа орналасқан. Сонымен қатар, облыста ауыл медицинасын дамыту бағытында инфрақұрылымдық жұмыстар да қарқынды жүргізілуде. Бүгінде 92 медициналық нысан пайдалануға беріліп, соның нәтижесінде ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарының жартысынан астамы жаңартылып, заманауи талаптарға сай қызмет көрсетуге мүмкіндік алып отыр.

Өңірде медицина кадрларының тапшылығын азайту бағытында да жұмыстар жүріліп жатыр. Былтыр мемлекеттік медицина ұйымдарына 187 жас маман жұмысқа қабылдана, биыл тағы 77 резидент-дәрігер мен 390 орта буын қызметкерінің келуі күтілуде.

Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Самат Кенжебаев кадр тапшылығының әлі де өзекті екенін атап өтті. Оның айтуынша, қазіргі таңда облыстың мемлекеттік медицина ұйымдарында 12 мыңнан астам маман еңбек етуде. Соған қарамастан, кадр тапшылығы 144 бірлікті құрайды, оның ішінде 95-і – дәрігерлер.

– Ең үлкен жетіспеушілік жалпы тәжірибелік дәрігерлер, акушер-гинекологтар, анестезиолог-реаниматологтар, ауылдар және тар бейінді мамандар арасында байқалады. Осы мәселені шешу үшін басты назар жергілікті кадрларды даярлауға бағытталған, – деді Самат Кенжебаев.

Атап айтқанда, өңірдегі Қарағанды медицина университеті мен медициналық колледждердің түлектерін жұмысқа тарту негізгі басымдық ретінде белгіленген. Қазіргі уақытта университетте 254 интерн мен резидент бюджет есебінен білім алууда, олардың 125-і биыл оқуын аяқтайды. Алдағы екі жылда өңір колледждері 700-ден астам орта буын медицина қызмет-

керін даярлап шығарады деп жоспарлануда. Мамандарды қолдау шаралары да күшейтілген. Жас мамандарға көтерме жәрдемақы беру, тұрғын үймен қамтамасыз ету және коммуналдық шығындарды өтеу тетіктері қарастырылған. 2025 жылы мұндай көмекті 117 маман алған. Бұл шаралар әсіресе ауылдық жерлердегі кадр тұрақтылығын арттыруға ықпал етуде. Сонымен қатар, арнайы Жол картасы аясында тәлімгерлік жүйе енгізіліп, медицина қызметкерлерін шетелде қайта даярлау жұмыстары ұйымдастырылған.

Бағдарламамен ауылға келген жас мамандардың бірі өз тәжірибесімен бөлісті.

– Ауылдық жерлерде білікті мамандар, әсіресе тар бейінді мамандар жетіспейді. Сондықтан, барлық болашақ әріптестерімді қорықпай, ауылға келіп жұмыс істеуге шақырамын, – дейді Тоғызқұдық ауылдық дәрігерлік амбулаториясының жалпы тәжірибелі дәрігері Ислам Серікпаев.

Медициналық университет деректеріне сәйкес, бүгінде оқу орнында 8,8 мыңнан астам студент білім алууда, олардың мыңнан астамы – Қарағанды облысының тұрғындары. Биыл 788 дәрігер-интерн оқуын тәмамдайды, олардың бір бөлігі өңірде жұмысқа орналасуы мүмкін. Жалпы алғанда, Қазақстанда денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржы көлемі де артып келеді. 2026 жылы бұл салаға шамамен 2,7 триллион теңге бағытталған. Бұл қаражат ауыл медицинасының дамуына да оң әсерін тигізуде. Бағдарлама тек қаржылай қолдау көрсетумен шектелмейді. Ауылға барған медицина қызметкерлері тұрғындарға алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, профилактикалық жұмыстар жүргізеді, ана мен бала денсаулығын бақылауға алады, созылмалы аурулардың алдын алуға үлес қосады. Соның нәтижесінде ауыл халқының өмір сүру сапасы жақсарып келеді. Дегенмен, бағдарламаны іске асыру барысында бірқатар мәселелер де сақталуда. Кейбір ауылдарда тұрғын үй тапшылығы мен медициналық құрал-жабдықтардың жеткіліксіздігі байқалады. Сонымен қатар, жас мамандардың бір бөлігі міндетті үш жылдық мерзім аяқталғаннан кейін ауылда тұрақтап қалмайды.

«Дипломмен ауылға» бағдарламасы Қарағанды облысында медицина саласын дамытуда маңызды рөл атқарып отыр. Көтерме жәрдемақы, жеңілдетілген тұрғын үй несиесі және қосымша әлеуметтік қолдау шаралары жас мамандарды ауылға тартудың тиімді тетігіне айналды. Бұл өз кезегінде ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызметке қолжетімділігін арттырып, өңірдің әлеуметтік дамуына оң ықпал етуде.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

# Өндірісті ғылым өркендетеді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ең маңыздысы – Пархоменко атындағы КМЗ зауыты бұл технологияны іс жүзінде енгізе бастады. Яғни ғылыми идея нақты өндірісте қолданылып жатыр.

## Жасанды интеллект – агросекторда жаңа драйвер

Қазіргі әлемде технологиялық даму қарқыны адамзат өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгеріс әкеліп отыр. Әсіресе, цифрландыру мен жасанды интеллект мүмкіндіктері экономиканың дәстүрлі салаларына жаңа тыныс беруде. Соның бірі – еліміздің стратегиялық маңызы зор агроөнеркәсіптік кешені.

Қазақстан үшін ауыл шаруашылығы – тек экономиканың бір тармағы ғана емес, ұлттық қауіпсіздік пен тұрақты дамудың негізі. Алайда, салада ұзақ уақыт бойы қалыптасқан дәстүрлі басқару тәсілдері бүгінгі күн талабына толық жауап бере алмай отыр. Климаттың өзгеруі, нарықтағы бәсекеңі күшеюі және ресурстарды тиімді пайдалану қажеттілігі агросекторды жаңаша дамытуға мәжбүрлейді.

Осы бағытта Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті ғылымдары тың бастама көтеріп отыр. Университеттің Кәсіпорын экономикасы және менеджменті кафедрасының PhD докторы, қауымдастырылған профессоры Айдын Кернебаев жетекшілік ететін ғылыми жоба агроөнеркәсіптік кешенді басқарудың жаңа үлгісін қалыптастыруға бағытталған.

Аталған жоба Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қолдауымен жүзеге асырылып, «Жас ғылым» бағдарламасы аясында қаржыландырылып отыр. Зерттеудің өзегі – «Индустрия 5.0» тұжырымдамасы негізінде жасанды интеллектті ауыл шаруашылығына енгізу.

«Индустрия 5.0» – адам мен цифрлық жүйенің үйлесімді жұмыс істеуін көздейтін жаңа кезең. Яғни, өндіріс процесінде жасанды интеллект, автоматтандыру және адам тәжірибесі бір-бірін толықтырып, тиімділікті арттырады. Осы тұрғыдан алғанда агросекторда жасанды интеллектті қолдану – уақыт талабы.

Жоғары аясында ауыл шаруашылығын басқарудың интеллектуалды жүйесін әзірлеу көз-



делген. Бұл жүйе деректерді талдау арқылы өнімді алдын ала болжауға, ауа райының өзгерісіне бейімделуге және өндірістік процестерді тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Мысалы, фермерлер егістік жағдайын нақты уақыт режимінде бақылап, суару, тынайтықш енгізу немесе жинау жұмыстарын дәл әрі тиімді ұйымдастыра алады.

Мұнымен қоса, жоба шеңберінде «қала-ауыл» ақпараттық платформасын құру жоспарланған. Бұл цифрлық алаң ауыл шаруашылығын өндірушілер ғылыми орталықтармен, мемлекеттік құрылымдармен және нарықпен байланыстырып, ақпарат алмасуды жеделдетеді. Нәтижесінде агробизнес үшін жаңа мүмкіндіктер ашылады.

Зерттеудің тағы бір маңызды бағыты – ғылыми негізделген басқару модельдерін әзірлеу. Яғни жасанды интеллект көмегімен агроөнеркәсіптік кешеннің тиімділігін арттыратын нақты ұсыныстар жасалады. Бұл модельдер Қазақстанның әр өңірінің ерекшеліктерін ескере отырып бейімделеді.

Жобаның практикалық маңызы да зор. Оның нәтижелері мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуде, агросекторды цифрландыруға қатысты шешімдер қабылдауда пайдаланылуы мүмкін. Жоғары оқу орындарында жаңа оқу курстарын енгізу арқылы жасанды интеллект саласында

білікті мамандар даярлауға жол ашады.

Ғылыми зерттеу халықаралық тәжірибемен де ұштасып отыр. Қытай мен Еуропаның жетекші ғылыми орталықтарында жүргізілген тағылымдамалар барысында агросекторда жасанды интеллектті қолданудың озық үлгілері зерделенген. Бұл тәжірибе отандық жобаның мазмұнын байытып, оның тиімділігін арттыруға ықпал етуде.

Жалпы алғанда, бұл бастама – агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың жаңа кезеңін айқындайтын маңызды жоба. Жасанды интеллектті енгізу арқылы ауыл шаруашылығында өнімділік артып, тәуекелдер азайып, ресурстар тиімді пайдаланылады.

## Тереңдегі тұрақтылық – қауіпсіздіктің кепілі

Қазақстанда тау-кен өндіру саласы соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Жаңа кен орындары игеріліп, өндіріс ауқымы кеңейіп қана қоймай, жұмыстар жүргізілетін тереңдік те артып отыр. Бүгінде бірқатар кеніштерде пайдалы қазбаларды өндіру 700 метрден астам тереңдікте жүзеге асырылуда. Алайда, тереңдеген сайын геомеханикалық жағдай күрделеніп, қауіп-қатерлер де еселене түседі.

Осы өзекті мәселені шешуге бағытталған маңызды ғылыми жобалардың бірі – Әбілқас Сағы-

нов атындағы Қарағанды техникалық университетінің ғалымы, PhD докторы, қауымдастырылған профессор Асқар Иманов жетекшілік ететін зерттеу жұмысы. Ғалым 2024-2026 жылдарға арналған жас зерттеушілерді гранттық қаржыландыру конкурсы аясында AP14869856 «Геомеханикалық жағдайын зерттеу негізінде терең горизонттардағы тау-кен қазбаларын бекіту технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы жобаның жеңімпазы атанды.

Терең горизонттардағы тау-кен қазбаларының айналасында қалыптасатын серпісін деформация аймақтарының параметрлерін анықтау жобаның басты мұраты болып отыр. Бұл үшін тау жыныстарының жарықшақтылығы, физика-механикалық қасиеттері, қазбаның орналасу тереңдігі мен геометриялық пішіні жан-жақты зерттеледі. Аталған мәліметтер негізінде қазбаларды бекітудің тиімді әрі қауіпсіз тәсілдері ұсынылады.

Ғалымдардың айтуынша, тереңдік артан сайын тау жыныстары сілеміндегі кернеу күшейіп, деформациялық үдерістер үдей түседі. Нәтижесінде қазбалары маңында әлсіреген, бұзылған аймақтар пайда болады. Бұл аймақтар бекітпе конструкцияларына қосымша жүктеме түсіріп, опырылу немесе тау соққылары сияқты төтенше жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан, мұндай қауіпті аймақтарды дәл анықтау – кеншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шартының бірі.

Зерттеу барысында заманауи ғылыми әдістер кешені қолданылуда. Атап айтқанда, тау жыныстары зертханалық сынақтан өткізіліп, шахталық жағдайда бақылаулар жүргізіледі. Сонымен қатар, арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы сандық модельдеу жүзеге асырылады. Әлемдік тәжірибе де жан-жақты сараланып отыр. Ерекше назар геологиялық беріктік индексіне (GSI) аударылған. Бұл көрсеткіш тау жыныстарының күйін дәл бағалап, олардың мінез-құлқын болжауға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы «Орловский», «Артемовский», «Нұрқазған», «Ақбақай» секілді кен орындарында терең деңгейде жұмыстар жүргізілуде. Ұсынылып отырған ғылыми шешімдер дәл осы өндіріс орындарында қолдануға бағытталған. Нәтижесінде кеншілердің ең-

бек қауіпсіздігі артып, апаттар мен опырылу қаупі төмендейді, ал, бекіту жұмыстарына кететін шығындар оңтайландырылады.

Ғылыми жобаның алғашқы нәтижелері де көңіл қуантады. Зерттеу қорытындылары халықаралық беделді Applied Science журналында жарияланды. Сонымен қатар, Geotechnics журналында мақала жариялау және өнертабысқа патент алу жоспарлануда. Отандық «Қазақстанның тау-кен журналы» басылымында да ғылыми еңбек жарық көріп, авторлық құқықпен қорғалатын нысандар тізіліміне енгізілді.

Жобаны өндіріс саласына енгізу бағытында да нақты қадамдар жасалуда. «Өркен» ЖШС-мен бірлесіп, «Батыс Қаражал» кен орнындағы жерасты қазбаларын бекіту жүйелеріне арналған нормативтік-техникалық регламент әзірлеу жөнінде келісімшарт жасалды. Бұл – ғылыми нәтижелердің нақты өндірісте қолданылып, қаржыландырылып жатқанын көрсетеді.

Сонымен қатар, грант аясында «Тау жыныстары механикасы» зертханасы құрылып, заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталды. Бұл болашақта жаңа ғылыми зерттеулер жүргізуге және жас мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Жоба негізінде «Тау-кен ісі» білім беру бағдарламасы бойынша PhD дәрежесін алуға арналған бір диссертациялық жұмыс та дайындалды.

Жалпы, терең горизонттардағы тау-кен қазбаларын бекітудің жаңа технологияларын әзірлеу – еліміздің тау-кен саласы үшін стратегиялық маңызды бағыт. Ғылыми зерттеулерді, цифрлық модельдеуді және өндірістік тәжірибені ұштастыру арқылы үлкен тереңдіктердегі жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

## Түйін

Үш түрлі сала, үш түрлі бағыт – бірақ ортақ мақсат бір. Ол – өндірісті тиімді ету, қауіпсіздікті күшейту және сапаны арттыру. Ең бастысы, бұл жобалар қағаз жүзінде қалып қоймай, нақты өндірісте қолданылып жатыр. Демек, ғылым өз міндетін орындап отыр. Осындай бастамалар көбейген сайын Қазақстанның технологиялық мүмкіндігі артып, экономикасы да нығая түсетіні сөзсіз.

Сурет жоба жетекшілерінен алынды



## Дрон табиғат күзетінде

Ұлттық жоба «Таза Қазақстан» аясында экологияға жанашырлық белең алды. Жоба барысында дүркін-дүркін рейдтер, акциялар өтуде. Қарағанды аймағында да кезекті рейд кезінде полиция қызметкерлері құқық бұзушыларды анықтап, жауапкершілікке тартты.

Мәселен, полиция департаментінің мәліметінше, 2026 жылдың басынан бері абаатандыру қағидаларын бұзған 12 мыңнан астам дерек анықталған.

Мұнда жауапкершілікке тек жеке тұлғалар ғана емес, бизнес өкілдері де тартылғанын атап өту керек. Айталық, осы уақыт аралығында іргелес аумақтарды тиісті деңгейде күтіп ұстамағаны үшін 92 ұйым басшысына жаза қолданылыпты. Салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 2,5 миллион теңгеден астам.

Ал, заңсыз қоныс зорандарын анықтау үшін заманауи технологиялар, атап айтқанда, ұшқышсыз ұшу аппараттары қолданылады екен.

– Рейд нәтижесінде 72 заңсыз қоныс орны жойылып, қалдықтарды рұқсатсыз төккен 34 жүк көлігі жүргізушісі ұсталды, – деп хабарлады полиция департаментінің баспасөз қызметі. Сонымен қатар, тұрғындардың өтініші негізінде тағы 80 адам жауапкершілікке тартылды.

Сондай-ақ, Бұқар жырау ауданы Байқадам ауылының маңындағы рейд барысында полиция қызметкерлері қалдықтарды заңсыз төгудің екі дерегін анықтаған. Онда 35 жастағы асенсизатор көлігінің жүргізушісі кәріз қалдықтарын төккен. Сол күні 30 жастағы ер адам трактормен қонысты полигоннан тыс жерге төккен үшін ұсталды.

Екі дерек негізінде әкімшілік хаттамалар толтырылып, көлік құралдары айыптуарқа қойылды.

Өз тілшімізден

# Өңір туризмі өрістеп келеді

Қазақстанда туризмді дамыту – экономиканың жаңа қозғалыс күшінің бірі. Бұл бағыт Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тарапынан айқын басымдық ретінде белгіленіп, әсіресе, экотуризм мен этнотуризмді өркендету міндеті қойылған. Осы стратегиялық тапсырмалар аясында Балқаш жаңа сапалық кезеңге қадам басуда.

## Нұрлос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Соңғы жылдары Балқаш өңірі туристердің қызығушылығын арттырған тартымды бағыттардың біріне айналды. Бұған – нақты статистикалық көрсеткіштер дәлел. 2025 жылдың қорытындысы бойынша қалаға 182 901 турист келіп, бұл көрсеткіш алдыңғы жылмен салыстырғанда 35,3 пайызға артқан. Бүгінде қала аумағында 59 демалыс аймағы мен 18 қонақ үй тұрақты жұмыс істейді. Демалыс орындарының едәуір бөлігі Тораңғалық және Шұбартүбек елді мекендерінде орналасқан. Туристерді қабылдау мүмкіндігі де айтарлықтай кеңейіп отыр: нөмірлік қор 2263-ке жетіп, бір мезетте 6382 адамды орналастыруға жағдай жасалған.

Балқаш қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Ерслан Зиядның айтуынша, туризм саласының экономикалық тиімділігі де артып келеді. 2025 жылы көрсетілген қызмет көлемі 3,25 млрд теңгені құрап, 37 пайыздық өсім көрсеткен.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың туризмді дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, Балқаш қаласында кешенді жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Біздің негізгі мақсатымыз – қаланы халықаралық

деңгейдегі заманауи туристік орталыққа айналдыру. Бұл бағытта инфрақұрылымды жаңғырту, инвестиорлар тарту және қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша нақты жобалар жүзеге асырылуда, – деді Ерслан Қанатұлы.

Мамандардың мәлімдеуінше, Балқашта туризмге тартылған инвестициялар көлемі жылдан-жылға өсіп келеді. 2025 жылы жалпы құны 1,4 млрд теңгені құрайтын екі демалыс аймағы мен екі қонақ үй пайдалануға берілді. Нәтижесінде 92 жаңа нөмір ашылып, 253 орындық мүмкіндік жасалды, сондай-ақ, жаңа жұмыс орындары құрылды. 2026 жылдың өзінде тағы екі демалыс аймағы іске қосылып, олардың инвестициялық көлемі 1,9 млрд теңгеге жеткен. Жыл соңына дейін тағы да жаңа нысандарды пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Бергіс шығанағы маңында құрылып жатқан өңірлік индустриялық аймақ – ерекше маңызға ие жобалардың бірі. Мұнда заманауи қонақ үйлер, сауықтыру кешендері мен ойын-сауық орталықтары бой көтермек. Сондай-ақ, 3120 гектар аумақта арнайы экономикалық аймақтың туристік субзонасын дамыту жұмыстары жүргізілуде.

Балқаш өңірінде заманауи туристік кластерлер қалыптастыру көзделген. Бұл жобалар туристерге жаңа форматтағы демалыс ұсынуға бағытталған. Атап айтқанда, қонақ үй кешендері, аквапарктер



мен эко-сайбақтар, халықаралық деңгейдегі фестиваль алаңдары, санаторий-курорттық орталықтар, кемпингтер мен этноауылдар салу жоспарланған. Сонымен қатар, қоғамдық тамақтану орындары мен сервистік инфрақұрылым кенінен дамытылады. Туризмді дамытудағы басты факторлардың бірі – инженерлік инфрақұрылым.

Бұдан бөлек көлік инфрақұрылымы да жаңарып келеді. Қайта жаңғыртылған әуежай, жаңа әуе бағыттары, кеңейтілген теміржол қатынасы – мұның бәрі өңірдің қолжетімділігін күшейтеді. «Алматы-Екатеринбург» автожолы бойында заманауи сервистік кешендер салу жұмыстары қарқын алған. Бүгінде 6 жер учаскесі бөлініп, алғашқы жанармай құю станциясы іске қосылды. Алдағы уақытта бұл аумақта 100-ден астам бизнес нысаны орналастырылады.

Туристердің қауіпсіздігі – басты назарда. Қала мен курорттық аймақтарда бейнебақылау жүйелері орнатылып, құтқару инфрақұрылымы күшейтілуде. Медициналық қызмет көрсету, санитарлық талаптарды сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету – барлығы қатаң бақылауда.

Балқашта жағажайлар мен қоғамдық орындарды абаатандыру жұмыстары кең көлемде жүргізілуде. Жаңа тротуарлар, веложолдар, жарықтандыру жүйелері орнатылып, демалыс аймақтарының келбеті жаңаруда. Сонымен бірге, туризмді цифрландыруға ерекше мән берілуде. Онлайн сервистер

Туристердің қауіпсіздігі – басты назарда. Қала мен курорттық аймақтарда бейнебақылау жүйелері орнатылып, құтқару инфрақұрылымы күшейтілуде. Медициналық қызмет көрсету, санитарлық талаптарды сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету – барлығы қатаң бақылауда.

Балқашта жағажайлар мен қоғамдық орындарды абаатандыру жұмыстары кең көлемде жүргізілуде. Жаңа тротуарлар, веложолдар, жарықтандыру жүйелері орнатылып, демалыс аймақтарының келбеті жаңаруда. Сонымен бірге, туризмді цифрландыруға ерекше мән берілуде. Онлайн сервистер



енгізіліп, визит-орталықтар мен ақпараттық жүйелер туристерге қолайлы жағдай жасауда. Балқаштың туристік имиджін қалыптастыруда мәдени іс-шаралардың ролі зор. Соның ішінде «Balkhash Tour Fest» фестивалі ерекше орын алады. 2025 жылы бұл шараға 50 мыңнан астам адам қатысып, өңірдің танымалдылығын арттырды. Алдағы уақытта халықаралық деңгейдегі жаңа фестивальдер өткізу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, салада бірқатар түйткілдер де бар. Олардың қатарында шағын су көліктеріне арналған тұрақ орындарының жетіспеуі, заңсыз жүзу құралдарына арналған айып тұрағының болмауы және бақылау қызметін күшейту қажеттілігі бар. Бұл мәселелер кезең-кезеңімен шешімін табады.

Айта кетейік, Балқаш қаласында туризмді дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жүйелі әрі нәтижелі. Инфрақұрылымның жаңаруы, инвестицияның артуы, сервистің жақсаруы – мұның барлығы өңірдің туристік әлеуетін жаңа деңгейге көтеруде. Алдағы жылдары Балқаш тек Қазақстанның ғана емес, тұтас Орталық Азияның жетекші туристік орталықтарының біріне айналатынына сенім мол.

Суреттерді түсірген Анатолий ГАЛЛЕР

# Бірыңғай форма, бірегей мүмкіндік

Кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, еліміздегі мектеп формасының нарығы шамамен 100 млрд теңгені құрайды екен. Алайда, оның 90 пайызы шетелдік өндірушілердің үлесінде. Соңғы жылдары өндірістің өндірушілер саны да едәуір қысқарып, 10-15 кәсіпорыннан небәрі 2-3 компания ғана қалған. Сол санаулылардан суырылып шығып, мектеп формасын тігуге Қарағандыда үш фабрика білек сыбана кіріспек. Енді өндіріс бірқатар мектебі бұйырса, келесі оқу жылында осы жергілікті жеңіл өнеркәсіп орындары тіккен су жаңа формамен мектеп есігін ашады. Бұл – қанатқакты жоба. Бірақ, жоқпар – батыл. 2030 жылға дейін Қарағанды ісмерлері өз оқушыларына өзінің киімін кидіруге белді бекем бұйып отыр. Ал, ол дегеніміз – сапа, қолжетімді баға, баршаға бірдей тең форма.



Қарағандылық кәсіпкерлердің оқушыларды бірыңғай мектеп формасымен қамтудың жаңа тетігі 2026-2027 оқу жылынан бастап, пилоттық режимде іске қосылмақ. Дәлірек айтқанда аймақтың 22 мектебінің оқушылары «Bizdin Forma», «Ютария Ltd», «ЕСКО» ЖШС тігін фабрикаларындағы тігіншілер қолынан шыққан формамен сабаққа барады.

Жобадағы 22 мектептің төртеуі – Қарағандыдан, төртеуі Абайдан, екеуі Қарқаралыдан, екеуі Нұрдан, үшеуі Шахтинскіден, төртеуі Теміртаудан болса, жобаға Сараннан үш мектеп қатысады. Облыстың кәсіпкерлер палатасының айтуынша, бүгінде кәсіпорын, ата-аналар және мектеп арасында тікелей байланыс орнатылды. Толық бақылау циклі енгізілген.

Қазіргі таңда мектептерде бірыңғай форма емес. Бұл пилоттық жобаның іске қосылуы мектеп оқушылары арасында теңдікті қалыптастырады. Біздің мектеп

**Қарағандылық кәсіпкерлердің оқушыларды бірыңғай мектеп формасымен қамтудың жаңа тетігі 2026-2027 оқу жылынан бастап, пилоттық режимде іске қосылмақ. Дәлірек айтқанда аймақтың 22 мектебінің оқушылары «Bizdin Forma», «Ютария Ltd», «ЕСКО» ЖШС тігін фабрикаларындағы тігіншілер қолынан шыққан формамен сабаққа барады.**

«Bizdin Forma» фирмасымен жұмыс істейді. Олар дизайнердың әкеліп, көрсеткеннен кейін біз қамқоршылар кеңесін жинап, ақылдасамыз. Содан кейін мектеп бойынша ата-аналар жиналысын өткізіп, ата-аналарға мектеп формасының үлгісін таныстырамыз, – деп мәлімдеді №87 жалпы білім беру мектебінің директоры Шолпан Жангабулова.

Бағдарлама кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Алғашқы кезеңде, яғни 2026-2027 оқу жылында, мектептер, ата-аналар және

өндірушілер арасындағы өзара іс-қимыл моделі сынақтан өтеді. Егер жоба тиімділігін дәлелдесе, 2028-2029 жылдары ол өндіріс барлық мектептеріне тарайды. Осылайша 2030 жылға қарай мектеп формасын қамтамасыз етудің тұрақты өндіріс жүйесін қалыптастыру – міндет.

– 15 мамырға дейін әр пилоттық мектеп форма жиынтығы мен дизайнын бекітеді. Оқушылар саны мен өлшемдер кестесін өндірушілерге ұсынады. 15 тамызға дейін негізгі өнім көлемі дайында-



Қарағандыда жасалған

лады. Тамыз айында өлшем көру және тарату ұйымдастырылады. 1 қыркүйекте пилоттық мектептердің 1-7 сынып оқушылары бірыңғай форма киеді, – деді облыстың кәсіпкерлер палатасы Жеңіл өнеркәсіп кеңесінің төрағасы Андрей Шмарин.

Андрей Шмарин мектеп формасының құны дизайн, матасы, жиынтығы белгілі болған соң ғана мәлімделетінін айтады. Дәл қазіргі кезде бұл мектептерде талқыда. Нақты ұсыныстар мамырдың басында жария етіледі. Форма әр мектептің таңдауы мен талғамына қарай тігілмек.

2029 жылдан бастап мектеп формасын өндіретін сауда желілері арқылы сату жоспарланған. Бұл ата-аналарға қажетті киімдерді еркін түрде бөлшек сауда орындарынан сатып алуға мүмкіндік береді.

Жоба аясында әлеуметтік осал топтарға ерекше көңіл бөлінеді. Атаулы әлеуметтік көмек алатын оқушылар мектеп формасымен толық қамтамасыз етіледі. Қопбалалы отбасылар үшін өндірушілер тарапынан жеңілдіктер қарастырылған. Ал, сыныптық тапсырыс көлемі арқан жағдайда, мұқтаж балаларға тегін мектеп формасы берілуі мүмкін.

Мамандардың пікірінше, жаңа жоба отандық өндірісті жандандырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өндіріс бюджетке түсетін салық көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Айша ҒАНИ

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Жастар ауылға бет бұрды



Қазақстанда ауылдық аумақтарды дамыту – мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауларында өндіріс дамыту, кадр тапшылығын жою және жастарды ауылға тарту мәселесіне айрықша назар аударып келеді. Президент тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқан «Дипломмен ауылға» бағдарламасы – бүгінде өз тиімділігін дәлелдеп отырған маңызды жобаның бірі. Мамандардың мәлімдеуінше, Ақтоғай ауданында жоба іске асқалы бері 483 маман жұмыспен қамтылған. Олардың 62,9 пайызы білім беру, 17,2 пайызы денсаулық сақтау, қалған бөлігі өзге салаларда еңбек етуде.

Нұрлос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған бағдарлама аясында ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге барған жас мамандарға мемлекет тарапынан жан-жақты әлеуметтік қолдау көрсетілген. Атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру және агроөнеркәсіптік кешен салаларының мамандары көтерме жәрдемақы алған. Тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін жеңілдетілген бюджеттік кредитке қол жеткізген. Бағдарламаның басты мақсаты орындалып, ауылдағы кадр тапшылығы азайған.

Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Перизат Мейрамбекқызының айтуынша, бағдарлама аясында 100 аялық есептік көрсеткіш көлемінде көтерме жәрдемақы төленсе, тұрғын үй алу үшін аудан орталықтарында 2500 АЕК, ал, ауылдық округтерде 2000 АЕК көлемінде 15 жыл мерзімге небары 1 пайызбен бюджеттік кредит берілген. 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап, 1 АЕК мөлшері 4325 теңгені құрады. Осыған сәйкес мамандарға берілетін қолдау көлемі де артып отыр. Жалпы алғанда, осы уақытқа дейін қатысушыларға 97,1 млн теңгенден астам жәрдемақы төленіп, тұрғын үй сатып алуға 798,8 млн теңгенден аса қаржы бағытталған.

Бұл ақпараттар мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған нақты қолдаудың барлығын айқындап отыр. Бағдарламаның тиімділігі тек құрғақ статистикамен шектелмейді. Бүгінде осы бастаманың игілігін көрген жандардың қатары мол. Бағдарлама шарапатын көрген жастың бірі – Ая Мағауова. Жас маман Ая Мұхтарқызы 2024 жылдың қыркүйек айында

Қарағанды облысы Ақтоғай ауданына қарасты Еңбек ауылына «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында арнайы келіп, Жақып Ақбай атындағы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын жалғастыруда. Бұған дейін Балқаш қаласында қызмет еткен жас маман туған жерге ту тігуді жөн санап, ауылға оралу туралы саналы шешім қабылдаған. Мемлекет ұсынған әлеуметтік қолдаудың, соның ішінде көтерме жәрдемақының көмегімен жаңа ортаға тез бейімделіп, бүгінде шәкірт тәрбиелеу ісіне белсене араласып отыр.

– Ауылға келу – мен үшін үлкен жауапкершілік. Тек ұстаз болып қана қоймай, ауылдың дамуына өз үлесімді қосқым келеді. Мемлекет тарапынан көрсетілген қолдау бізге серпін береді, – дейді жас маман. Бүгінде ол тек өз пәнінің мұғалімі ғана емес, ауыл жастарына бағыт-бағдар беретін тәлімгерге айналып келеді.

Айта кетейік, бүгінде бағдарлама аясында 246 маман тұрғын үй алу үшін жеңілдетілген несиеге қол жеткізген. Бұл ауылда тұрақтап қалуға мүмкіндік беріп отыр. Бағдарламаға қатысушылар үш жыл бойы ауылдық елді мекенде жұмыс істеуге міндеттеме алады. Келісімшарт талаптары орындалмаған жағдайда берілген әлеуметтік қолдау қаражаты толық көлемде мемлекетке қайтарылады. Құжаттарды рәсімдеу «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы немесе электрондық үкімет порталы негізінде жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, жас мамандардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында түрлі семинарлар мен оқыту курстары ұйымдастырылып келеді.

Ақтоғай ауданы

# Ауыл мен қала: білімдегі алшақтық жойыла ма?

Құнын жоғалтпайтын қазына білім десек, оның елдегі сапасы кейде арадік күмілжітпін қояды. Соның арасында, ауыл мектебінің білімі кім-кімді де ойландыруы тиіс. Қала мектебінің уақыт көшінен қаламай, төрт құбыласы түгел болғанда, кей ауыл мектептерінің ахуалы алаңға азық. Әсіресе, ҰБТ аталған бірегей бәсекеде ауыл баласын сенімнен гөрі күмән көп жағалайды. Әрине, барша мектеп бір стандартпен оқытады. Әйтсе де, ауыл мен қала мектебіндегі білім сапасы сынсынақта шақшадай басты шарадай ететіні өтірік емес. Ал, ол алшақтық қайтсе азыяды? Қарағанды облысы бұл бағытта қандай қадамдар жасап жатыр? Статистика мен сарапшы пікірі не дейді? Тарқатайық...



Қолында жасалған Шынар Адамбекова

## Мектептің тең жартысы ауылда

Білім басқармасының мәліметінше, облыста 401 мемлекеттік мектеп бар. Ал, оның жартысынан астамы, яғни, 218-і ауылдық жерлерде. Мұнда 34 мыңнан астам оқушы білім алып жатыр.

Ең назар аударарлығы – 162 шағын жинақты мектептің 161-і ауылда екендігі. Бұл дегеніміз – ауыл білімінің тағдыры тікелей осы шағын мектептердің сапасына байланысты деген сөз. Олардың сапасы қаншалықты? Аудандар арасында да тепе-теңдік жоқ: Шет ауданында мұндай мектептердің үлесі 20%-ға жетсе, Абай ауданында небәрі 5,5%-ды құрайды.

Басқарма мамандарының айтуынша, бұл бағытта қол қусырып отырған ешкім жоқ. Білім беру инфрақұрылымын жаңарту, мектептерді заманауи технологиялар-

мен жабдықтаумен қатар оқытудың жаңа әдістемелері енгізілуде. Мәселен, қала мен даланың арасындағы алшақтықты жою үшін 2025 жылдың қаңтарынан бастап, Қарағанды облысында «Ауыл мектебі – сапа алаңы» республикалық жобасы іске қосылыпты. Сондай-ақ, ауыл мен қаладағы білімді бірдейлестіретін «Келешек мектептерінің» салынуы да мәселенің түйінін шешуге бағытталған қадам.

– Қалалық және ауылдық мектептер арасындағы алшақтықты қысқарту үшін 2025 жылдың қаңтарынан бастап, Қарағанды облысында «Ауыл мектебі – сапа алаңы» республикалық жобасы іске қосылды. Бұл жоба білім беру процесінің барлық аспектілерін қамтитын, білім беру сапасын арттыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асырудағы маңызды қадам. Бұл – білім беру ин-

фрақұрылымын жаңарту, мектептерді заманауи технологиялармен жабдықтау ғана емес, сонымен қатар, оқытудың жаңа әдістемелерін енгізу. Жобаның маңызды элементі – оқытудың заманауи әдістемелерін меңгерту арқылы педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру. Қарағанды облысы бойынша соңғы үш жылда оқушылар контингенті 3 мың балаға артып, жалпы саны 175 823 оқушыны құрады. Осыған байланысты білім беру инфрақұрылымындағы жүктемені азайту және қолданыстағы мәселелерді шешу мақсатында Мемлекет басшысының реформалары аясында соңғы үш жылда 13 жаңа мектеп пайдалануға берілді. Олардың ішінде «Жайлы мектеп» пилоттық ұлттық жобасы шеңберінде салынған 10 нысан заманауи талаптарға сай «Келешек мектептері», – деді Қарағанды

облысы білім басқармасының бас маманы Арайлым Серікова.

## Ауылда ресурс шектеулі ме?

Бұл орайда ауыл және қала мектептеріндегі білім сапасы туралы тәжірибелі ұстаздардың пікірі әр алуан. Мәселен, Ә.Бөкейхан атындағы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Лена Аскербай ауыл мектептерінің өз артықшылықтары бар екенін атады.

– Қала мектептерінде мүмкіндік көп: заманауи құрал-жабдық, жылдам интернет, түрлі үйірмелер мен қосымша курстар бар. Мұғалімдердің де тәжірибесі мен біліктілігі жоғары болуға жағдай жасалған. Ал ауыл мектептерінде, керісінше, ресурстардың шектеулілігі, кадр тапшылығы, әсіресе, кей пәндер бойынша мұғалімдердің жетіспеуі байқалады.

Бұл білім сапасына тікелей әсер етеді. Дегенмен, ауылдың да өз артықшылығы бар. Оқушылар саны аз болғандықтан, мұғалім әр балаға көбірек көңіл бөле алады, – дейді маман.

Расында, ауыл мектебіндегі кадр мәселесі мен материалдық базаның әлсіздігі – бүгінгі күннің ашы шыңдығы. Бұл мәселелердің шешімі ретінде бүгінде көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Әсіресе, алыстағы ауыл мен қаладағы білім деңгейін теңестіру мақсатында Нұра ауданында түрлі бастамалар қолға алынған. Осы жөнінде Нұра аудандық білім бөлімінің әдіскері Дария Сейфуллина қолға алынған жобалар алшақтықты кезең-кезеңімен қысқартуға мүмкіндік беріп отыр деген пікірде:

– Бізде екі жоба жұмыс істейді: «Ауыл мектебі – сапа алаңы» және «Цифрлық мұғалім». Бұл жобалар ауыл мектептеріндегі нақты мәселелерді шешуге бағытталған. Соның нәтижесінде шағын жинақты мектептерде жетіспейтін пән мұғалімдерінің орны онлайн сабақтар арқылы толықтырылып, оқушылар білікті ұстаздардан білім алуға мүмкіндік алды. Тірек мектептер жүйесі қолға қойылып, ресурстық орталықтар өзге мектептерге әдістемелік қолдау көрсетіп келеді.

Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыруға басымдық беріліп, цифрлық сауаттылық пен жаңа әдістемелер бойынша оқыту жүргізілуде. Мектептердің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, заманауи кабинеттермен және интернетке қолжетімділікпен қамтамасыз етілді. Бұл өз кезегінде ауыл мен қала мектептері арасындағы инфрақұрылымдық айырмашылықты азайтуға ықпал етуде, – деді ол.

Дегенмен, Нұра ауданында білім сапасы бойынша айырма-



шылық әлі де сақталып отырғанын да жоққа шығармайды. Қала мектептерінің оқушылары көбіне жоғары нәтиже көрсетсе, ауыл мектептерінде бұл көрсеткіш біржәлі еместігін де атады. Әдіскердің айтуынша, мұның негізгі себептері – кадр тапшылығы, материалдық базаның жеткіліксіздігі және әлеуметтік факторлар. Бұл – бір ғана ауыл мектебінің ахуалы ғана емес. Бәрине ортақ проблема.

Жалпы, қолға алынған жобалар осы алшақтықты кезең-кезеңімен қысқартуға мүмкіндік беруде. Оның түпкілікті жемісін алдағы уақыт көрсетеді.

## Түйін

Білімдегі алшақтықты жою бір күннің шаруасы емес екені баршамызға анық. Ол үлкен төзім мен үздіксіз ізденісті қажет етеді. Ауылдың өзіндік ерекшелігін ескеріп, жаңа жобаларға жол ашылса, ауыл баласын сенім қайта жағалары хак. Бір кездерде ауыл мектебі ұлттың тамыры, болашақ зиялылардың бастауы болған. Мемлекетіміздің іргесін қалаған, ғылымы мен мәдениетін көтерген біртуар тұлғалардың көбі осы ауыл мектебінде қанат қаққан. Олай болса, ауыл баласының арманына қанат байлау – бүгінгі басты міндет.

Елдің ертеңі, жарқын күні үшін баланың қай жерде тұратыны, географиясы білім алуына шектеу болмайы тиіс.

Зарина АЙТЖАН

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Жол жөндеудің жөні қалай?

Аймақтағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдары желісінің жалпы ұзындығы – 1 930 шақырым. Өңір арқылы еліміздің орталығы мен оңтүстігін, шығысы мен батысын жалғайтын бірнеше негізгі автожол бағыты өтеді. Сондықтан, мұндағы әрбір жол учаскесінің сапасы жолаушы қатынасына ғана емес, жүк тасымалына, өңіраралық экономикалық байланысқа және жол қозғалысы қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

## Өңір тіршілігінің өзегі

Былыт Қарағанды облысы бойынша жалпы ұзындығы 413 шақырымды құрайтын «Қарағанды-Балқаш» және «Балқаш-Бұрылбайтал» автомобиль жолдарын қайта жаңарту жобасы толық аяқталды. Сонымен қатар, республикалық маңызы бар жолдардың 9 учаскесінде, жалпы ұзындығы 276,9 шақырым аумақта орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Бұл атқарылған жұмыстар биылғы маусымға да негіз болып, жол инфрақұрылымын жаңғырту ісінің кезең-кезеңімен жалғасып жатқанын аңғартады.

Ал, биыл жол-құрылыс маусымында бұл бағыттағы жұмыстар жаңа қарқынмен жалғаспак. Облыс аумағында тағы 9 учаске, яғни, жалпы ұзындығы 282 шақырым жол орташа жөндеумен қамтылмақ. Бұдан бөлек, күрделі жөндеу, маусымдық қалпына келтіру жұмыстары және реконструкция бағытындағы жобалар да қатар жүзеге асырылады.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Қарағанды облыстық филиал директорының орынбасары Дінмұхамед Еркіннің айтуынша, бұл жұмыстардың бір бөлігі өткен жылдан өтпелі жоба ретінде жалғасса, енді бірқатары бойынша мердігер ұйымдармен келісім-шарт жасалған, ал, қалған нысандарда конкурстық рәсімдер жүріп жатыр.

– Биылғы жоспардағы маңызды бағыттың бірі – «Ақшатау-Ақадыр-Ортау» автожолының бірнеше учаскесі. Бұл жолдың 95-129 шақырым аралығы – былтырдан биылғы маусымға ауысқан өтпелі нысан. Бұл учаскеде жұмысты «Гимарат-М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жүргізіп жатыр. Сонымен қатар, осы бағыттың 144-164 шақырым аралығында «Қарағанды жолдары» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жұмысқа кіріспек.

Сондай-ақ, қазіргі таңда жалпы ұзындығы 98 шақырымды құрайтын 3 учаске бойынша мердігер ұйымдармен келісім-шарт жасалған. Атап айтқанда, «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Шідерті» автожолының 1009-1052 шақырым аралығында жамылғылардың ісінкі жерлерін жою жұмыстары қолға алынған. Ал, «Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай-Бұғаз» жолының 217-249 шақырым және «Ақшатау-Ақадыр-Ортау» жолының 144-164 шақырым учаскелерінде техника мен жұмыс күші жұмылдырылып жатыр, – деді ол.

Дінмұхамед Асланұлының айтуынша, бұдан өзге жалпы ұзындығы 150 шақырымды құрайтын 5 учаске бойынша ведомстволық сараптама қорытындысы алынып, қазір мердігер ұйымдарды анықтау үшін конкурстық рәсімдер жүргізілуде. Олардың қатарында «Астана-Қабанбай батыр-Нұра-Теміртау», «Қалқаман-Баянауыл-Үміткер-Ботақара», «Астана-Қарағанды-Алматы» және «Егіндібұлақ-Бүркітті» бағыттарындағы жол телімдері бар.

Орташа жөндеумен қатар, биыл күрделі жөндеу жұмыстары да жоспарланған. Атап айтқанда, екі көпір мен теміржол үстінен өтетін бір жол өткелін қалпына келтіру көзделіп отыр. Бұл нысандардың қатарында Шилі өзені мен Шат өзені арқылы өтетін көпірлер, сондай-ақ, «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Шідерті» бағыты бойындағы теміржол өткелі бар. Осы аталған жобалар бойынша мердігер ұйымдар анықталып, тиісті шарттар жасалған. Оларды іске асыру мерзімі 2026-2027 жылдарға жоспарланған.

Ал, қазіргі маусымдық жол жөндеу жұмыстары шақырым-

мен емес, нақты зақымданған аумақтың көлемімен есептеледі. Биыл бұл бағытта шамамен 85 мың шаршы метр жерде жолдың тозған қабатын фрезерлеу, жаңа жабын төсеу және шөккен тұстарды қалпына келтіру жұмыстары жүргізіледі. Дінмұхамед Еркіннің түсіндіруінше, мұндай шаралар, ең алдымен, көлік қозғалысының қауіпсіздігін сақтауға және ірі реконструкция жұмыстары басталғанға дейін жолдың жарамды күйін қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазіргі таңда Ақтас кенті маңында, Саран қаласының тұсында және теміржол өткеліне жақын қауіпті учаскелерде шұғыл ағымдағы жөндеу шаралары қолға алынған. Бұл – көктемгі маусымда жиі туындайтын, жүргізушілер үшін қолайсыздық тудыратын шұңқырлар мен ақауларды уақытша болса да, қалпына келтіруге арналған жұмыс. Яғни, биылғы науқанда тек ұзақ мерзімді жобалар ғана емес, күнделікті қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті шаралар да назардан тыс қалып отырған жоқ.

## Асфальт-бетон зауытында

Жол жөндеу науқаны жол үстіндегі техникамен ғана шектелмейді. Онда материал дайындайтын өндірістік база, логистика, технологиялық тәртіп және уақытпен санаспайтын еңбек жатыр.

Баспасөз туры барысында таныстырылған нысанның бірі – «Қарағанды жолдары» мердігерлік ұйымына қарасты асфальт-бетон зауыты. Бұл өндіріс орны «Қарағанды-Қарқаралы» күрежолының бойында, Ботақара кентінен таық тастам жерде орналасқан. Зауыт маңында шағын қарьер бар. Мұнда асфальт қоспасын әзірлеуге қажетті инертті материалдармен қатар, жол жиегіне төселетін қиыршық тастар да дайындалады. Яғни, жөндеу жұмыстарына қажет негізгі шикізаттың едәуір бөлігі өндіріс орнына жақын жерден алынады.

– Көктем шығып, жол жөндеу маусымы қызған кезде асфальтқа сұраныс күрт артады. Сондықтан, кәсіпорын күніне 10-12 сағаттан, кейде демалысыз жұмыс істеуіне ауысады. Тек ауа райы қолайсыз болған жағдайда ғана жұмыс уақытына тоқтатылады. Өндірістегі барлық технологиялық процесс автоматтандырылған. Біздің зауыттың басты артықшылығы – қажетті материалдар алдын ала дайындалады, – деді зауыт басшысы Алексей Тимошенко.

Мердігер ұйым өкілдерінің мәліметінше, мұндай тәсіл бірнеше мәселені қатар шешеді. Біріншіден, материалды алыстан тасымалдау шығыны азаяды. Екіншіден, жөндеу жүріп жатқан учаскелерді қажетті өніммен жедел қамтуға мүмкіндік туады. Үшіншіден, өндіріс пен құрылыс алаңы арасындағы байланысты бір ұйым аясында үйлестіру жұмыс қарқынын төмендетпеуге жол ашады.

Зауыттың қуаты да аз емес. Мұнда сағатына 130 тоннаға дейін асфальт-бетон қоспасын өндіруге болады. Алексей Тимошенконың айтуынша, зауыттың бөлшектері жиналмалы болғандықтан, оны қажет жағдайда бұзып, басқа жерге көшіріп, қайта құрастыруға мүмкіндік бар. Бұл жол жөндеу жұмыстары әр учаскеде кезең-кезеңімен жүргізілетін сала үшін өте тиімді шешім.

«Қарағанды жолдары» мердігерлік ұйымының өндірістік базасы тек Ботақара маңымен шектелмейді. Компанияның Молодежный кентінде де, Ақадыр аумағында да асфальт-бетон зауыттары, тас ұсақтау қондырғылары мен қарьерлері бар. Олар тиісті жол учаскелерін материалмен қамтуға жұмылдырылған. Демек, биылғы жол жөндеу на-



уқанына қажетті қор мен техника алдын ала әзірленіп, жұмыс маусымы басталмай тұрып-ақ өндірістік негіз қаланған.

## Сапа технологиядан басталады

Асфальт-бетон қоспасын дайындау бірнеше кезеңнен тұрады. Ең алдымен, инертті материалдар арнайы барабанда ауа райына қарай 170-180 градус температураға дейін қыздырылып, толық кептіріледі. Одан кейін қызған материалдар элеватор арқылы електен өткізу құрылысына жіберіліп, фракциялар бойынша сұрыпалады. Яғни, әр материал көлеміне қарай жеке-жеке бөлінеді. Өндірісте 0-5, 5-10, 10-20 және 20-40 миллиметрлік фракциялар пайдаланылады. Бұл материалдардың әрқайсысы зауыт аумағында араласып кетпейтіндей етіп бөлек сақталады. Мұның өзі асфальт сапасын қамтамасыз етудегі басты талаптардың бірі. Себебі, жолдың астыңғы және үстіңгі қабатына қолданылатын материал құрамы әртүрлі болады.

Бұдан кейін зертхана бекіткен арнайы құрамға сай әр фракция қажетті мөлшерде таразыға тартылады. Осы кезеңде қоспаға битум мен минералды ұнтақ қосылады. Содан соң барлық құрамда бөліктер араластырып қондырғыда мұқият араластырылып, шамамен 150 градус температурадағы дайын асфальт-бетон қоспасы алынады. Бұл қоспа уақыт оздырмай, жөндеу жұмыстары жүріп жатқан учаскелерге жөнелтіледі.

Зауыт басшысының айтуынша, зауыт жұмысы сыртқы ауа температурасына да тәуелді. Асфальт-бетон өндірісін толық іске қосу үшін дала температурасы кемінде +10 градустан төмен болмауы тиіс. Сондықтан, көктемгі кезеңде ауа райының қолайсыздығы жұмыс қарқынына әсер етуі мүмкін. Дегенмен, алдын ала жиналған материал қоры мен дайын тұрған техника күн ашылған сәттен бастап, негізгі науқанды кідіріссіз жалғастыруға мүмкіндік береді.

Бұл өндіріс орнында дайындалатын өнім, негізінен, «Қарағанды жолдары» жауапты учаскелерге, соның ішінде «Қарағанды-Аягөз-Тарбағатай-Бұғаз» автожолының 217-249 шақырым аралығындағы жөндеу жұмыстарына пайдаланылады.

## Бақылау жіті болады

Жол жөндеуде ең маңызды шарттардың бірі – сапа. Қанша жерден қаржы бөлініп, техника жұмылдырылғанымен, егер технологиялық талап сақталмаса, атқарылған жұмыстың нәтижесі ұзаққа бармайтыны белгілі. Сондықтан, облыстағы республикалық маңызы бар жолдарда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары бірнеше деңгейлі бақылаудан өтеді.

Әр нысанда техникалық қадағалау мамандары тұрақты жұмыс істейді. Олар асфальт-бетон қоспасының зауыттан шыққан сәттен бастап, жолға төселгенге дейінгі барлық процессті бақылауда ұстайды. Әсіресе, материалдың температуралық режимін



сақталуына баса мән беріледі. Өйткені, шоспа нысанға жеткенше шамадан тыс суып кетсе, оның сапасына әсер етпеуі мүмкін емес.

Жол жөндеу жұмыстарының әр кезеңін «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мамандары да тәуелсіз түрде тексереді. Асфальт төсеу басталмай тұрып-ақ қоспаның құрамы, яғни, қолданылатын материалдардың үлесі мен рецептурасы осы орталықпен келісіліп, бекітіледі. Жұмыс барысында сол бекітілген мөлшерлерден ауытқуға жол берілмейді.

Сапа орталығының мамандары кез келген уақытта зауыттан дайын қоспадан сынама алып, не жолға төселген жабыннан арнайы құрылғымен керн кесіп, зертханалық тексеріс жүргізе алады. Арнайы жылжымалы зертхана арқылы асфальттың тығыздығы, қалыңдығы және құрамының талапқа сәйкестігі тікелей нысан басында-ақ анықталады.

## «Қарағанды-Жезқазған» жолы жаңғырады

Жол инфрақұрылымын жаңарту жұмыстары тек жекелеген учаскелерді жөндеумен шектелмейді. Өңір үшін стратегиялық маңызы бар ірі жобалардың бірі – «Қарағанды-Жезқазған» бағытын реконструкциялау. Бұл жоба жүзеге асқан жағдайда облыс ішіндегі ғана емес, өңіраралық көлік қатынасының да сапасы едәуір жақсармақ.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Қарағанды облыстық филиалының мәліметінше, жоба аясында республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған-Қарағанды-Павлодар-Успенка-Ресей» Федерациясының шекарасы» автожолының «Қарағанды-Жезқазған» бағытындағы 783-905 шақырым аралығын, яғни, Қарағанды облысы аумағындағы 122 шақырым жолды реконструкциялау көзделіп отыр. Бұл бағыт өңірлер арасындағы көлік ағыны үшін маңызды күрежолдардың бірі.

Жоба бойынша қаржыландыру мәселесі де шешімін тауып келеді. Республикалық бюджет комиссиясының шешімімен реконструкция жұмысын Халықа-

ралық қайта құру және даму банкі мен Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі қарызы есебінен қаржыландыру мақұлдаған. Қазіргі таңда бұл жоба бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіліп жатыр. Яғни, мердігер ұйыммен түпкілікті келісімшарт жасалғаннан кейін белгілі болады.

– Бұл жоба жобалау, құрылыс және пайдалану тетігі бойынша іске асырылмақ. Яғни, болашақ мердігер ұйым алдымен жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеп, одан кейін құрылыс жұмыстарын жүргізіп, нысанды пайдалануға береді. Мұндай тәсіл бір жағынан жобаны кешенді түрде басқаруға, екінші жағынан орындалатын жұмысқа жауапкершілікті нақтылауға мүмкіндік береді. Жоспарға сәйкес, жаңа жол қолданыстағы бағыттың жаңына бөлек жер төсемінен салынады. Яғни, қазіргі автомобиль жолының бойымен жаңа екі жолақты жол құрылысы қарастырылған. Бұл жерде маңыздысы – құрылыс кезеңінде көлік қозғалысы қолданыстағы жол арқылы жалғаса береді. Демек, күрделі жоба жүзеге асса да, қатынас толық тоқтатылмайды, – деді Дінмұхамед Еркін.

Ал, құрылыс көлеміне келсек, мұнда да жұмыс ауқымы үлкен. Жоба аясында 8,5 миллион текше метрден астам жер төсемін салу жоспарланған. Сонымен бірге, 6 көпір, 11 жол өткелі, шамамен 135 су өткізу құбыры, 3 демалыс алаңы, 7 автобус аялдамасы, 31 қиылыс пен қосылу нүктесі, инженерлік коммуникациялар мен электр беру желілерін қайта көшіру қарастырылған. Мұның бәрі бұл бағыттағы реконструкцияның жай ғана жол жамап-жасқау емес, толыққанды инфрақұрылымдық жаңғырту екенін көрсетеді.

Жоба іске асқанда жолдың өткізу қабілеті артып, көлік қозғалысының қауіпсіздігі жақсарып, өңірлер арасындағы логистикалық байланыс анағұрлым ыңғайлы бола түседі. Яғни, бұл реконструкцияның әсері тек бір жол учаскесімен шектелмей, жалпы аймақтың көлік жүйесіне ықпал ететін болады.

Суреттерді түсірген автор

• МҰРА

## Талдыдағы тағылым

Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні қарсаңында қарағандылық бір топ студент жастар ерекше бастама көтерді. Олар тарихи таным мен азаматтық жауапкершілікті ұштастырған экологиялық-танымдық турға қатысты. Болашақ тарихшылар мен туризм саласының мамандары өңіріміздің мақтанышы – Талды тарихи-археологиялық паркіне арнайы барып, бабалар мұрасына тағзым етіп қайтты.

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Игі іс-шараны облыстық тарихи-өлкетану мұражайы облыстық тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығымен және қалалық Жастар ресурстық орталығымен тізе қоса отырып ұйымдастырды.

Танымдық әрі тәрбиелік мәні зор бұл сапарға аймақтағы іргелі оқу орындарының белсенді жастары жұмылдырылды. Атап айтқанда, академик Е.Бокетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің, Қазтұтынуодағы экономикалық университетінің және Ә.Сағынов атындағы техникалық университеттің студенттері тарих тұңғығына бойлап, өткен мен бүгіннің сабақтастығын өз көзімен көрді.

Экскурсия барысында жастарға Талды тарихи-археологиялық паркінің мән-маңызы жан-жақты таныстырылды. Бұл мекен – Ұлы даланың тас дәуірінен бастап бүгінгі күнге дейінгі шежіресін сақтаған ашық аспан астындағы бірегей мұражай.

– Бұл парктің басты құндылығы мен бірегейлігі – бір кеңістікте әртүрлі дәуірлердің ескерткіштерінің тоғысқанында. Тас дәуірінен бастап, қазіргі этнографиялық заманға дейінгі тарихты осыншама айқын көрсететін орындар өте сирек кездеседі. Біз жастардың мұны тек сырттай естіп қана қоймай, өз көздерімен көріп, уақыттар сабақтастығына қанық болғанын қалаймыз. Өйткені, осындай қасиетті нысандардың жанында тұрған кезде тарих мүлде басқаша, тереңірек қабылданады, – деді облыстық тарихи-өлкетану мұражайының жалпы тарих, археология және этнография бөлімінің менгерушісі Дәурен Жүсіпов.

Айта кетерлігі, танымдық сапар тек тарихи таныммен шектеліп қалған жоқ. Жастар табиғатқа жанашырлық танытып, мағыналы экологиялық акция өткізді. Олар ел арасында «Қазақстан пирамидасы» аталып кеткен әйгілі Қаражартас қорымының аумағын құл-қоқыстан тазартты. Сонымен қатар, тарихи нысанның қорғау тәжірибелері мен ескерткіш белгілерін ретке келтіріп, азаматтық белсенділіктерін танытты.

– Біз бұл экологиялық акцияны тектен-текке қолға алып отырған жоқпыз. Тарихи мұраны көздің қарашығындай сақтау қаншалықты маңызды болса, сол ескерткіштер орналасқан қоршаған ортаны аялау да соншалықты маңызды. Бұл – бір-бірімен тығыз байланысты ұғымдар. Өткеннің ізі сайрап жатқан қасиетті топырақты таза ұстау арқылы біз бабалар рухына шынайы құрмет көрсетеміз. Келесі ұрпаққа қалдырар аманаттымыз тек тарихи жәдігерлермен емес, сол мұраны аялаған таза табиғатымызбен де өлшенуі тиіс, – деді Дәурен Жүсіпов.

Талды тарихи-археологиялық паркі бүгінде өңірдің көне тарихын танытатын маңызды нысандардың бірі. Мұндай орындар жастардың тарихи сана-сезімін қалыптастырып, мәдени мұраға деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Әсіресе, болашақ тарихшылар мен туризм саласының мамандары үшін мұндай сапарлардың танымдық маңызы зор. Себебі, олар теориялық білімін нақты тарихи ортада толықтырып, археологиялық ескерткіштердің құндылығын тереңірек түсінуге мүмкіндік алады.

Талдының төрінде тарихқа тағзым етіп, тазалыққа үлес қосқан студенттердің бұл қадамы – ұлттық мұраға деген шынайы жанашырлықтың көрінісі.

• МЕРЕЙ

## Болмысы бөлек

Табиғаттағы ерекше әрі бағалы асыл тастардың бірі – «гауһар» сырттан келген сәулені ішінде мың құбылтып, айналасына нұр қылып тарататын қасиеті бар екенін айтады геммологтар (тастардың физикалық қасиеттерін, химиялық құрамын, оптикалық ерекшеліктерін және олардың нарықтық құнын зерттейтін мамандар). Оның құндылығы тек әдемілігінде ғана емес, физикалық және химиялық қасиеттерінде. Қаттылығы Моос шкаласы бойынша 10 балдық асыл тастың ешқашан сызылмайтыны да, сырылмайтыны да осыдан. Жер қойнағында миллиондаған жыл қысым мен ыстықта шыңдалып, жарыққа шығатын тас адамның тағдырына ұқсайды. Өмірдің түрлі сынағынан өтпеген жан қалай шыңдалмаса, гауһар да солай – ауыр сынақсыз асылға айнамайды.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ortalyq Qazaqstan» газетінің корректоры Бағдат апай – Құлбағдат Қасымованы етене танығанның дәл осылай айтатыны анық. Оның әр қыры – өмірдің бір сабағы. Бір қыры – төзім, бір қыры – үміт, бір қыры – сенім. Сол қырлары бір-бірімен үйлесіп, алпысқа келсе де сұлулығын жоғалтпай, өзгеше реңке еніп, сабыры мен парасаты арқылы күннен күнге қадірі артып келе жатыр десек, асылық айтқандық емес.

Алпыс... Бәзбіреулер үшін бұл өмірдің біраз бөлесін артқа тастаған жас болып көрінер, бәлкім. Бірақ, Бағдат апай үшін емес. Оның жастық шағын табиғи алмас десек, алпыс жасы – сол алмастың өмір мектебінде қырланып, әрбір қырынан шуақ шапқан сәті.

«Ortalyq Qazaqstan» газетінде корректор болып жұмыс жасайтын оның жұмысын қадағалаудың өзі бір ғанибет. Әр үтір мен нүкте үшін жаны ауыратын Бағдат Аяпбергенқызының қолындағы қаламы – сөздің мөлдірлігін сақтайтын киелі құрал. Ал, қате көрсе, «қырандай шүйлігетін» оның тәжірибесі әріптестері үшін таптырмас үлкен мектеп. «Сөз – киелі, оған қиянат жасауға болмайды» деп отыратын Бағдат Аяпбергенқызының жұмыстағы қаталдығында да аналық мейірім



мен кәсіби тазалық бар.

Жалпы, Бағдат апаидың өмірі журналистикамен етене. Қырық жылға жуық тәжірибесі бар. Бұған дейін Ұлытау облысында шығатын «Мысты өңір» газетінде де қолтанбасы қалған. Журналистік, корректорлықтан бөлек, түрлі басшылық қызметтерді де атқарған. Бұл да оның

өмірінің тағы бір қыры.

Қызмет жолы ауқымды әрі мамандығының майталманы болғанымен, Бағдат апай әлі «жап-жас». Уақыт оның ажарына батпаған. Ошағының түтінін тузу шығарып, серігінің беделін биіктеткен парасат иесі.

Әрі суретші, әрі дизайнер, Қазақстан Дизайнерлер одағы-

ның мүшесі Зейнолғабдин Мұхамедин – Бағдат Аяпбергенқызының жары. Әлбетте, табиғаттың тынысын, таңғы шықтың мөлдірлігін және адам жанының нәзік иірімдерін іздейтін суретшінің де жары осындай болмағы қалыпты құбылыс. Көңілі күз күндей құбылатын шығармашы адамның көңілін тауып, жанын түсініп отырған жарына деген оның да ілтипаты ерекше.

Қыран ұшырып, қияға қондырған, ұрпағының бойына адамдық пен адалдықтың дәнін сепкен Зейнолғабдин Сейіткалиұлы мен Бағдат Аяпбергенқызының ұлы – Ердеулет, қызы – Акбота да ардақты әке мен аяулы аналарының бойындағы асыл қасиеттерді алған. Күйеу балалары Еркебұлан мен келіні Қымбатты да пейілдері ерекше.

Немерелерінің бал тіліне еріп, әлемнің бар асылын солардың табанының астына жаюға даяр әже, мейірім мекенінде. Жұмыстан келгенде алдынан жүгіріп шығып, шаршағанын бір демде ұмыттыратын немерелері – Шахзада, Даяна, Хамзат, анда-санда алыстан ат арылттып келіп, қуанып кететін жиені – Мұхаммедтің тілеуін тілеп отыратын Бағдат апаидың өмірі талай отбасыға үлгі.

Бағдат Аяпбергенқызының жаны – қырналған гауһар. Жыл өткен сайын оның қырлары көбейіп, жарқирай түседі. Алпыс тек төлқұжаттағы сан ғана. Ал шын мәнінде, ол сол баяғы үкінің ұлпасындай нәзік, бірақ қарағайдай берік, талғампаз әрі таңғажайып сұлу Қазақ Әйелі.

Өйткені, нағыз гауһар ешқашан ескірмейді. Ол тек құндылығын арттыра береді.

Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан

## Жаңа мүмкіндіктер алаңы



Қарағанды қаласындағы Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейде жаңартылған спорт залы оқушылар үшін жаңа мүмкіндіктер кеңістігіне айналды. Жаңғырту жұмыстары ALGA! жобасына белсенді қатысып, жоғары нәтижелер көрсеткені үшін берілген ынтылауды аясында жүзеге асырылды. Қысқа мерзім ішінде спорт залы толық жаңарып, заманауи әрі қолайлы кеңістікке айналды.



Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Залда косметикалық жөндеу жүргізіліп, қабырғалар тегістеліп, боялды, ескірген фурнитура жаңартылды. Алайда, басты ерекшелік – оның көркем безендірілуінде. Кәсіби суретшілер қабырғаларды ALGA! жобасының кейіпкерлерінің бейнелерімен әрлеп, залға ерекше серпін берген. Балаларды өзіне тартатын тартымды ортаға айналды.

Мұнда оқушылар енді тек жатығу жасап қана қоймай, шахмат пен дойбы ойнап, бос уақыттарын да қызықты өткізуде.

– Зал тек дене шынықтыру сабағына арналған орын ғана емес,

балалардың ең сүйікті алаңдарының біріне айналды. Мұнда олар шахмат пен дойбы ойнап, бос уақыттарын өткізеді. Жоба басталғалы спортқа деген қызығушылық айтарлықтай артты, балалардың ойындар мен жатығуларға белсенді қатысуы соның айқын дәлелі, – деді мектеп директоры Жанәгулі Тұсжанова.

ALGA! жобасы Қарағанды облысында QOFA және Freedom Holding Corp. қолдауымен жүзеге асырылып келеді. Жоба балалар спортын дамытуға, оқушылар арасында дене белсенділігін арттыруға және саламатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

## Қауіпсіздік кеңістігі тарылып барады

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарағанды облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы бөлімінің басшысы Маржан Жүкенованың айтуынша, көпқабатты үйлерде автотұрақ пен аумақты жоспарлау да үйді жобалау сатысында қарастырылады. Нормативке сәйкес, бір пәтерге шаққандағы автотұрақ коэффициенті белгіленеді екен.

– Мәселен, төртінші класс тұрғын үйлер үшін 0,5 коэффициент қолданылады. Соған сәйкес, 50 пәтерлі тұрғын үй кешенінде кемінде 25 автотұрақ орны қарастырылуы тиіс.

Алайда, нысан пайдалануға берілгеннен кейін автотұрақ тапшылығы жиі байқалады. Соның салдарынан тұрғындар эвакуациялық және өртке қарсы жолдар тұрақ ретінде пайдалануға мәжбүр болады. Бұл жағдай төтенше қызметтердің нысанға жедел жетуіне кедергі келтіріп, қауіп деңгейін арттырады, – дейді ол.

Бөлім басшысының айтуынша, жобалық құжаттама нысанның жауапкершілік деңгейіне сәйкес сараптамадан өтеді. Бес қабатқа дейінгі тұрғын үйлер жеке сараптамадан өтсе, бес қабаттан жоғары көпқабатты үйлер міндетті түрде мемлекеттік сараптамадан өтеді.

Сараптамалық қорытынды алынғаннан кейін уәкілетті органға құрылыс басталғаны туралы хабарлама беріледі. Бұл кезеңде мемлекеттік орган жобаның мазмұнын қайта тексермейді, тек сараптама қорытындысының бар-жоғын, авторлық және техникалық қадағалаудың тіркелуін және олардың аттестаттарының жарамдылығын қарайды.

Құрылыс процесі барысында техникалық қадағалау ай сайын есеп ұсынып отырады. Осы есептер негізінде нысанның жобалық талаптарға сәйкестігі бақылауда ұсталады. Дегенмен, тәжірибе көрсеткендей, тұрақты физикалық тексерістің жеткіліксіздігі белгілі бір тәуекелдерге себеп болуы мүмкін.

Нысанды пайдалануға беру кезеңінде қазіргі тәжірибеге сәйкес мемлекеттік сәулет-құрылыс

бақылау органы объектіге міндетті түрде бармайды. Негізгі бақылау құжаттық салыстыру арқылы жүргізіледі.

Алайда, кей жағдайларда нақты құрылыс сапасы мен құжаттағы мәлімет сәйкес келмеуі мүмкін. Сондықтан, кемшіліктер көбіне тұрғындардан шағым түскеннен кейін ғана анықталады.

Биылғы жылдан бастап енгізілген өзгерістерге сәйкес, адамдар көп шоғырланатын нысандар мен биіктігі 28 метрден асатын көпқабатты тұрғын үйлер пайдалануға берілер алдында төтенше жағдайлар департаментінің міндетті тексеруінен өтеді екен. Ал, төтенше жағдайдың мұндай биік үйлердегі өртті ауыздықтауға техникалық мүмкіндігі жете ме?

### Төтенше жағдай департаменті не дейді?

Төтенше жағдайлар департаментінің баспасөз хатшысы Агерке Қазбек соңғы екі жылда облыстың өрт сөндіру гарнизоны көпқабатты тұрғын үйлерге қызмет көрсету бойынша жеткілікті деңгейде жарқандандырылғанын атады.

– Қазіргі таңда гарнизонда 28 бірлік арнайы өрт сөндіру техникасы бар, бұл штаттық қажеттіліктің 93,3 пайызын құрайды. Оның ішінде, 16 бірлік техника көпқабатты ғимараттарда өрт сөндіру және құтқару жұмыстарын жүргізуде бейімделген. Осылайша, негізгі техникалық база қалыптасқан. Техникалық мүмкіндіктерге сәйкес, өрт сөндіру автосатылары 30-32 метр биіктікке дейін, яғни, шамамен 9-10 қабат деңгейіне дейін жұмыс істей алады. Ал, автокөлертіш техника 18-қабат деңгейіне дейін құтқару және өрт сөндіру жұмыстарын орындауға қабілетті.

Сонымен қатар, биыл шілде айында 55 метрге дейін жететін жаңа автосатыларды жеткізу жоспарланып отыр. Бұл жоғары қабатты тұрғын үйлерде жұмыс істеу мүмкіндігін едәуір кеңейтіп, гарнизонның техникалық әлеуетін арттырады.

20 қабаттан жоғары тұрғын үйлерде өрт сөндіру жұмыстарының өзіндік ерекшеліктері бар. Мұндай жағдайларда негізгі іс-қимылдар ғимараттың ішкі өртке қарсы жүйе-

елері арқылы және арнайы тактикалық тәсілдер негізінде жүзеге асырылады. Бөлімшелер қазіргі таңда осындай нысандарда тиімді әрекет етуге бейімделген, – дейді баспасөз хатшысы.

Жалпы алғанда, Қарағанды облысының өрт сөндіру қызметі көпқабатты тұрғын үйлерге қызмет көрсету бойынша қажетті мүмкіндіктерге ие. Жоспарланып отырған техникалық жаңартулар бұл әлеуетті одан әрі күшейтеді.

Дегенмен, мәселенің түп-тамырына үңілсек, сала мамандары қауіпсіздіктің негізгі тірегі ең алдымен инженерлік инфрақұрылымның сапасы екенін алға тартады. Әсіресе, электр желілерінің тозуы мен артық жүктеме – бүгінде өзектілігін жоймаған мәселе. Өйткені, өрт оқиғаларының басым бөлігі дәл осы жүйелердегі ақаулармен байланысты.

Төтенше жағдай кезінде эвакуациялық жолдардың ашық әрі бақылауда болуы да маңызды рөл атқарады. Бұл талаптар сақталмаған жағдайда жауапкершілік тәтіктерін күшейту қажеттігі жиі айтылып жүр. Себебі, мұндай сәттерде әр секундтың салмағы артып, адамның өмірі тікелей әрекет жылдамдығына тәуелді болады.

Өрт сөндіру және жедел қызметтердің оқиға орнына келергісіз жетуі де өзекті түйткілдердің бірі. Көпқабатты үйлер аумағындағы ретсіз автотұрақтар арнайы техниканың қозғалысын қиындатып, құтқару жұмыстарының уақытын ұзартып жібереді. Осыған байланысты бұл бағытта нақты тәртіп пен бақылауды күшейту мәселесі жиі көтеріледі.

Құрылыс саласындағы бақылау мүмкіндігі туар еді. Қазіргі таңда құжаттық бақылаудың басым болуы кейбір кемшіліктердің тек кейін анықталуына себеп болып отыр.

Сонымен қатар, тұрғындар арасында қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Ақпарат-



тық-түсіндіру жұмыстары мен профилактикалық шаралар жүйелі түрде жүргізілмесе, техникалық талаптардың өзі толық нәтиже бермейді.

### Өрт көпқабатты үйде көп

Төтенше жағдайлар департаменті Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Аяз Сарбасовтың мәліметінше, соңғы екі жылда көпқабатты тұрғын үйлерде 27 өрт оқиғасы тіркелген. Бұл жалпы өрт оқиғаларының шамамен 20 пайызы, яғни, әр бесінші өрт осы типтегі нысандарда орын алғанын көрсетеді.

Мұндай нысандарда өрт кезінде эвакуация және құтқару жұмыстары бірқатар объективті және ұйымдастырушылық факторларға байланысты күрделене түседі. Атап айтқанда, тұрғындардың эвакуация талаптарын сақтамауы, төтенше жағдай кезінде дұрыс әрекет ете алмауы, сондай-ақ, ауалар мен кіреберістерде автокөліктердің ретсіз қойылуы арнайы техниканың оқиға орнына кіруін қиындатады.

Жалпы, 2025 жылы 208 өрт оқиғасы тіркелсе, 2026 жылы бұл көрсеткіш 195 жағдайды құрады. Екі жылдағы жалпы көрсеткіш 403 өрт оқиғасына тең. Осылайша, 2026 жылы өрт саны 2025 жылмен салыстырғанда 6,3 пайызға азайған. Дегенмен, ең жоғары өрт тіркелген кезең ретінде 2025 жыл

белгіленіп отыр. Былтыр өрт салдарынан 20 адам көз жұмса, биыл кешегі күнге дейінгі дерек бойынша 9 адам қаза тауыпты.

### Жедел жәрдемнің мұны

Қарағанды облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы №2 қосалқы станциясының фельдшері Айзат Макеновтің айтуынша, төтенше жағдайлар кезінде негізгі қиындықтар бригада оқиға орнына жеткенге дейін-ақ қалыптасады. Оның сөзінше, жедел жәрдем қызметінің тиімділігіне әсер ететін негізгі факторлар қатарында жолдағы көлік кептелісі, нақты мекенжайдың дұрыс көрсетілмеуі, шақыртудың кеш берілуі және оқиға туралы ақпараттың толық болмауы бар. Бұл жағдайлар бригаданың дер кезінде жетуіне кедергі келтіреді.

Маман атап өткендей, «алтын сағат» қағидасы бойынша алғашқы минуттарда көрсетілген медициналық көмек науқастың өмірін сақтап қалуға шешуші рөл атқарады. Әсіресе, ауыр жарақаттар мен жедел жағдайларда уақыт жоғалту қайғылы жағдайға әкелуі мүмкін.

– Оқиға орнына жеткеннен кейін де бірқатар инфрақұрылымдық қиындықтар сақталады. Атап айтқанда, тар подъездер, лифтердің істен шығуы немесе болмауы, сондай-ақ, ауалардағы ретсіз автотұрақ жедел медициналық көмектің науқасқа жедел жетуін қиындатады, – дейді Айзат Макенов.

### «Бір қайғыны қозғасаң...»

Қауіпсіздік, көпқабатты үйлер туралы сөз болғанда өңірдің геологиялық жағдайы еріксіз ойға оралады. Жалпы, Қарағандының жер қыртысы қандай үйлер салуға мүмкіндік береді деген мәселе де назардан тыс қалмауы керек.

Бұл орайда, мамандар Қарағанды қаласының инженерлік-геологиялық жағдайы да құрылыс саласында қосымша тәуекел факторларын қалыптастыратынын да атады.

Қала аумағында саздақ, құмай және аралас топырақ қабаты кең таралған, олардың қалыңдығы 0,15 метрден 9 метрге дейін өзгереді. Сонымен қатар, жер асты сулары 0,5-13,5 метр тереңдікте орналасқан, ал маусымдық кезеңдерде олардың деңгейі көтерілуі мүмкін.

Бас жоспар деректеріне сәйкес, өңірде топырақтың шөгуді, ісіну құбылыстары және құрылыс материалдарына коррозиялық әсер сияқты инженерлік-геологиялық процестер тіркелген. Бұл жағдайлар ғимараттардың ұзақ мерзімді тұрақтылығына тікелей әсер ететін факторлар ретінде бағаланады.

Сондықтан, әрбір құрылыс жобасы тек әкімшілік рәсімдермен ғана емес, міндетті инженерлік-геологиялық зерттеулермен де сүйемелденуі тиіс. Өйтпесе, іргетас тұрақтылығы мен ғимараттың қауіпсіздігіне қосымша тәуекелдер туындауы мүмкін. Солай. Бұл – енді басқа тақырып.

### Сонымен...

Бүгінгі сурет нені көрсетеді? Жалпы алғанда, көпқабатты тұрғын үйлердегі қауіпсіздік жекелеген факторларға ғана емес, өзара байланысты тұтас жүйеге тәуелді. Өрт қауіпсіздігі, инженерлік инфрақұрылым, эвакуация мүмкіндігі мен құрылыс сапасы бір-бірімен тығыз байланыста болғанымен, олардың үйлесімді жұмыс істеуі әрдайым толық қамтамасыз етіле бермейді. Ал, бұларды ескермеу қандай қайғылы жағдайға апарып соғарын көзіміз көріп келеді.

Аяулым ЖАНАТОВА,  
ҚарҰЗУ II курс студенті

Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Біз – бесеуіміз

Кезінде «Октябрияттар» әнінде «Біз – бесеуіміз, бесеуіміз, бес тармақты жұлдызбыз» деп айтылғандай, бір ғана үркердей Үлгі ауылынан бес бірдей журналист шыққан екенбіз. Біз, бесеуіміз де, осы киелі мекеннің топырағында туып-өсіп, Сарытөбе мен Қарақойтастың тау-тасы мен орман-тоғайын кезіп, Ақсу мен Өткелсіздің суына шомылып, түлеп ұшқанбыз.

**Ержан ИМАШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл сулы – нулы жерлерді патша заманында Қаржас пен Кіші Жүз-Телеу атасының ұрпақтары мекендеп, Баянауыл сыртық округінің Ақкелін болысына қарапты. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1929 жылы мұнда Үлгі колхозы құрылып, ол әуелі Баянауыл, 1938 жылдан бастап Бұқар жырау (бұрынғы Ульянов) аудандарының құрамына кірген.

Колхоз болып құрылған күннен оған жан-жақтан адамдар көшіп келіп, біраз жылда жүз қаралы үйі бар үлкен ауылға айналды, 1961 жылы ұйымдасқан Қылыш Бабаев атындағы кеңшардың екінші бөлімшесі атанып, шаруасы шалқып тұрды. Колхоз уақытында өзінің ауруханасы, почта бөлімшесі, орта мектебі (кейін сегізжылдық) мен 150 балаға арналған интернаты да болған көрінеді. Маңайдағы Үміткер, Ақжар, Алғабас, Семізбұғы, Төрткөл, Құрама, Жаңақала, Алабас, Жастілек ауылдарының балалары осындағы интернатта жатып оқиды. Сол оқушылардың арасынан академик Арықтай Қайыпов бастаған оннан аса ғылым докторлары мен кандидаттары, қаншама шаруашылық басшылары мен әр саланың білікті мамандары шықты десеңші! Соның ішінде бес журналист, біз де, бармыз. Қазақстан ғылымының көшбасшысы, Ұлттық Ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаев алғаш шыбығын өзі қадаған бақ та осы жерде. Өттең, кезінде атағы шартарапқа жайылып, дүриден тұрған Үлгіміздің бұл күнде қанша, орнында бес үй ғана қалғаны жаңа батып, жүректі ауыртады...

Осы бір қасиетті топырақта өсіп-өнген бес журналистің басында Қаратай Қайыповтың есімі тұруы тиіс. Өйткені, ол қалған бізге баспасөз саласына жол салып берген де өзі. Ол 1905 жылы осы төңіректе әлі күнге Қайыптың Қарақұдығы аталатын жерде Қайып Қомытбайұлының шаңырағында дүниеге келіп, жасынан оқудың соңына түсіп, Қарағанды мұғалімдер институтын, одан кейін ҚазМУ-ды сырттай оқып бітіріп, қашан зейнетке шыққанша облыстың бұқаралық ақпарат құралдарында еңбек етіп, 1975 жылы Қарағанды қаласында бақиға озған. Қаратай Қайыпұлы бүткіл саналы тұмырында облыстық радиокomitee пен телестудияда бас редактор болып істесе, өзіміздің «Орталық Қазақстан» газетінде де қаламының ізі қалып, (дәл кәй жылдары екенін анықтай алмадым) оның мерейтойлық кітабында берілген мезеткерлердің тізімінде аты-жөні жазылған.

Жалпы, «Қомытбай айналасына білім мен ғылым қонған» десіп отыратын үлкендеріміз. Сол айтқандай, Қаратайдың туған інісі Арықтай Қайыпов Қаныш ағасының ізмен геология-минерология ғылымдарының докторы, академик, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанса, оның ұлы Мәлік те техника ғылымдарының докторы, қазірде АҚШ-тың Лос-Анджелес университетінде сабақ береді. Ал, Қаратай ағамыздың үлкен ұлы Саяш марқұм да геология-минерология ғылымдарының кандидаты диссертациясын қорғаса, кіші ұлы Серік медицина ғылымдарының кандидаты, облысқа белгілі травматолог. Сондай-ақ, Құдыш асқалдандық туған ағасы Құдыш шөберелері Дүйсен медицина ғылымдарының докторы да, Әбдірахман да медицина және Қайыржан техника ғылымдарының кандидаттары. Қарап отырсаңыздар, бір ғана Қомытбай шалдың әулеті қазақ ғылымына бір емес, жеті ғалымды берген ғой! Біз, үлгіліктер, мұны әркез мақтан етеміз!

Аяққа құйған асты ауылымыздан шыққан келесі бір қаламгер-журналист – Ахмедия Әлгожин (19.12.1916 – 20.08.1981). Ол да 1926 жылы Үлгінің Қарақойтастың ашылған алғашқы мектепте болашақ академик Арықтай Қайыповпен бірге оқып, 1936 жылы Петропавл педагогикалық техникумын, 1941 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтын бітіріп, Алматы облысы Ұзынағаш орта мектебінің директоры болып істеп жүргенінде Ұлы Отан соғысы басталып, 1942 жылдың қыркүйек айында әскер қатарына алынып, Семей қаласында Тамбов жаяу әскерлер училищесінің курсанты болады.

Ахмедия Әлгожин сол қанды қырында 1943-1945 жылдары 4-Украин және 2-Белорус майдандарында 71-атқыштар дивизиясының взвод

командірі болып, қасқой жаумен шайқасады. Екі рет жараланып, госпитальде емделіп, аман-есен елге оралады.

Сол жеңісті 1945 жылдан Ахмедианың журналистік және партиялық қызмет жолы басталып, ол Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды» газетінің редакциясында насихат бөлімінің меңгерушісі, облыстық партия комитетінің нұсқаушысы, Ақмола облыстық «Сталин туы» (қазір «Арқа аяары» газетінің редакторы, редактордың орынбасары, Қарағанды телевизия студиясының бас редакторы, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды. 1954-1955 жылдары Ақмола облыстық партия комитетінің мүшесі және облыстық Кеңестің депутаты болып сайланды. Ол майдандағы ерлігі мен бейбіт күндегі еңбегі үшін II дәрежелі Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен марапатталған.

Өз басым Ахмедия ағамызбен қызметтес болсам да, бала кезімде оны ауылымыздағы туған ағасы Қибадәлі мен немере туыстары Сәби, Қизат ақсақалдардың үйіне келгенде сан рет көріп, сәлем беріп, оның мен қатарлы Рашид деген ұлымен танысып, бірге ойнайтынбыз. Осы күні Түсіп Күзембаев атындағы шахтада учаске бастығы болып істейтін сол Рашидпен байланысымыз әлі үзілмей, жолығып тұрамыз.

Үлгінің үшінші журналисі – Шайхан Жандаев (23.05.1944 – 15.07.1991). Негізгі оның азан шақырып қойған аты Шайхыслам да, әке-шешесі Жұматай Бекмағамбетов пен Мәриям Жандайқызы да, емшектегі күнінде анасы ауыр науқастан көз жұмып, оны нағашы ата-әжесі Жандай мен Мақпш тәрбиесіне алады. Бұл кісілердің Орта Азия мемлекеттік институтын бітірген Нұрбай, Майдан дейтін екі ұлы Қарағанды көмір бірлестігінде қызметте жүргенінде әскерге алынып, Ұлы Отан соғысында қаза тауып, жалғыз Шәкен деген жазы қалған қариялар жиендерін «Жандаев» деп жазғызды.

Шайхан ағамыздың жасынан бері өскен досы, Қылыш Бабаев атындағы кеңшарды 9 жыл болып басқарған Жеңіс Шәдетов өзінің «Жаксынның аты өлмейді...» кітабында «Шайхан (Шайхыслам) туралы естелігінде (60-65 беттер) былай деп жазады: «Шайхан екеуіміздің бір бірімізге деген достық қарым-қатынастың жасалымыздан қалыптасуы әдеби кітаптарды оқуға, музыка аспаптарына, спортқа құмарлықтан туындаған болар. Ауыл кітапханасындағы әдеби кітаптарды тегі оқыдық десем, өтірік болмас». Сонымен бірге, Жекең осы естелігінде екеуінің мектепте Алпан Итжанов құрған оркестрге қатысып, Тәттімбет, Құрманғазы күйлерін орындап, аудандық, облыстық көркемөнерпаздар байқауында сан рет жүлделі орындардан көрінгендерін де айтты. Кейін 1963 жылы Үлгі орта мектебін аяқтап, ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға түскен Шайхан екеуінің жұбы жазылмай, жерлестері, осындағы жоғары оқу орындарында оқып жүрген Каби Қошанов, Нығмет Танашев бәрі патер жалдап, бірге тұрып, студенттік өмірдің қызығын бірге тойлап, өткізді. Сонда Шайханның Алматыда өтетін спорттық жарыстарды құр жібермей, барып көруге уақыт табатынын да еске алады бүгінде сексеннің сегізіншінен асқан Жеңіс досы.

Аталған жоғары оқу орнын 1968 жылы тәмамдасымен бірден «Орталық Қазақстан» газетіне тілші болып қабылданған ол аз уақыттан соң бөлім меңгерушісі, 1970 жылдардың соңында республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің Орталық Қазақстан өңірі бойынша меншікті тілшісі болды. Спорт тақырыбына өндірте жазып, облыстық газетке Мәскеу Олимпиадасынан (1980) күнделікті репортаждар беріп тұрды. Көзі тірісінде қазақтың атақты палуаны Әбілсейіт Айханов жайлы жазып кеткен «Жауырыны жерге тимеген» деген кітабы 1997 жылы жарық көрді.

Өрі жерлестігіміз, әрі құдандылығымыз бар (оның немере ағасы Шахмет менің әкемінің қарындасы Ғайниға үйленген) мен студент кезімде ҚарМУ-дың Бейбітшілік бульвары көшесі, 33-үйді орналасқан жатақханасында тұрғанымда, соған таяу обком ғимаратының артындағы үйіне жиі барып, сан рет Загира тәтеміздің қолынан дәм тапқанмын. Кейде біз топтанып барсақ та, екеуі қабақ шытпай қарсы алып, әсіресе, Шәкен біз-



2009 жылы облыс әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын алған сәт



1997 жылы жазушы Акселеу Сейдімбекпен редакциядағы кездесу

бен шахмат ойнап, домбырасын тартып, бір мәре-сәре болатынбыз.

Сексенінші жылдардың ортасында мен «Орталық Қазақстанға» қызметке қабылданып, Бұқар жырау ауданында болатын түрлі мәдени-спорттық шараларды жазу үшін іссапарға да бірге шығып жүрдік. Ол кезде қазіргідей мобильді телефон жоқ. Сонда Шәкен ешқандай диктофон ұстамай, қолындағы блокнотына адам аттары мен керек фактілерді ғана түртіп алып, ертеңінде көлемді мақалаларын газетке жариялап жатады. Осылайша, мен одан ұтқырлық пен ұшырлықты үйреніп, осы күнге дейін блокнот, қаламмен ғана жүремін жұмысыма. Аман нешік, сондай асыл ағамыз небары 47 жасында өмірден озып кете барды. Бұл 1991 жылдың шілде айының ортасы болатын. Марқұмның мейітін туған жері Үлгіге апарып қойғанымызда, күн шығып тұрған мезгілде ақжауын құйып берсін. Қабір басына жиналған жұрт су болғанына қарамай, қашан дұға оқылып біткенше орындарынан тапқылып, қозғалмады. Осы көріністі көзімен көрген бас редакторымыз Нұрхан Оразбеков сонда сөйлеген сөзінде тебірене толқып тұрып: «Шайхандай абзал азаматты берген жердің елі де керемет екен! Жауып тұрған жаңбырға қарамастан, жастай кеткен журналист ұлына қыбыр етпей құрмет көрсеткеніне қатты ризамын!» деп еді.

Үлгінің бұл үш журналисінің қатарына төртінші болып қосылған Әбусаттар Тұрғамбеков (08.02.1947-22.05.2012) еді. Оның әкесі Ұлы Отан соғысының ардагері Дүйсенбай марқұм көп жылдар аудан мектептерінде директор, аудандық оқу бөлімінің басшысы болып істеп, өлең жазатын қабілеті бар адам болатын. Өзі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы, жақсы әдебиетші де еді. Соның әсері болар, бала Әбусаттар бала жастан жазу-сызуға әуестеніп, сол кезде әкесі директор болған Үміткер орта мектебінде 1965 жылы ойдағыдай аяқтайды.

Бірақ, ол 3 жыл Кеңес Одағының ракета әскерлері қатарында азаматтық борышыны өтеп келген соң ғана ҚазМУ-дың журналистика факультетіне оқуға қабылданып, оны 1974 жылы бітіріп шығады. Сол студенттік жылдары туралы онымен бірге оқыған курстас досы, марқұм Тілеукабыл Байтұрсын еске алғанда: «Әбусаттар бізге тісқаққан, әскер қатарында шыңдалған соң ғана келді ғой. Өзі өжет, бетті жігітті біз сияқты жаңа мектеп бітірген қарағандылық бозөкпе жерлестері кәдімгідей арқа тұтып, бүкіл күре әскерде алған шенімен «Старшина» дейтінбіз. Расымен де, сол бес жылда

ол бәрімізге қорған болып, өзімізді еркін сезіндік» деп отыратын ылғы. Алдында кім тұрса да қаймықпай, тіліп айтатын мінезі де бар еді онын.

Сол 1974 жылы жоғары оқу орнын бітірген соң облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде тілші, жауашты хатшының орынбасары болып 18 жыл істеген Әбусаттар ағамыз, 1992 жылы КР Ішкі істер министрлігі жоғары мектебінің (қазіргі заң институты) ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа бөліміне редактор болып ауысты. Осы қызметінде жүріп аталмыш оқу орнын сырттай оқып тауысып, 2004 жылы подполковник шенімен отставкаға кетті. Еңбек жолындағы қызметінде облыстық партия комитетінің, кәсіподақтардың, КР Ішкі істер министрлігінің бірнеше грамоталарына ие болды.

Марқұм Әбусаттар ағамызбен мен небары үш-төрт жыл қызметтес болыпмын. Соның өзінде оның ағалық қамқорлығын үнемі сезініп жүрдім. Арасында кабинетіме келіп: «Әй, ұл, хал-жағдайың қалай? Біреу ренжітсе, маған айт!» дейтін ойын-шыны аралас. Жатқан жері жарық болсын!

Міне, осындай қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында туып-өскен мен де туған ауылым Үлгінің сегізжылдық, сосын Үміткер орта мектебін бітірдім. Жасымнан әдебиет пен өнерге құштар мен сол мектеп бітірген 1977 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға түстім. Оны 1982 жылы аяқтаған соң бұрынғы Егіндібұлақ ауданының Комсомол орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 3 жыл сабақ беріп, одан кейін 1985-1986 жылдары туған жерім Бұқар жырау ауданындағы Үлгі сегізжылдық мектебінің директоры болып істеп, 1986 жылдың 18 желтоқсанында өзіміздің «Орталық Қазақстан» газетіне тілші болып қабылдандым.

Бір нәрсе бір нәрсеге себепші болады ғой. Менің бұл газет редакциясына жұмысқа тұруыма тікелей себепші болған осы күні көзі тірі ағамыз Зарқын Тайшыбаев еді. Сонау студенттік жылдарда жазған-сызғанымызды осы кісіге әкеліп, көрсетіп, ақыл-кеңесін тыңдап, онымыз жарық көріп жатса, балаша қуанатынбыз. Кейін ұстаздық қызметімде де жазған мақалаларым мен өлеңдерімді Зақана жіберіп тұрдым. Ақырында осы байланыс мені газет редакциясына алып келді.

Қыс ішінде, оқу жылының ортасында директор болып тұрған мектебімді тастап, мұнда келем деген ой менде болмаған. Бірақ, сол тұстағы Ульянов ауданы басшылығының шовинистік пиғылдары мен әрекеттері



мені еріксіз осыған мәжбүр етті.

Өздеріңізге белгілі, СОКП Орталық Комитетінің Бас хатшысы Михаил Сергеевич Горбачевтың жариялаған Қайта құру саясаты, жасыратыны жоқ, көп жерлерде халықтың ұлттық санасын оятып, үлкен бір серпіліс тудырды. Сол толқыммен мен де 1986 жылы жазда өткен облыстық ақындар айтысына қатысып, өз ауылымда Алтыбақан, Наурыз мерекелерін ұйымдастырып, өткізіп те тастағанмын. Соны жақтырмады ма, сол кездегі ауданның әскери комиссары майор Диков күзгі әскерге шақырту басталғанда, соңыма шырақ алып түсіп, алдына қайта-қайта келтіріп, 13 желтоқсанға дейін жұмыс істетпей қойды. Егіндібұлақ жағынан коммунистік партияға кандидат болып келген және өз құқығым мен

• ӨНЕР КҮНДЕЛІГІ

## Түркия төрінде өнер көрсетті

Жуырда Түркия Республикасының Нигде қаласына қарасты Алтай ауылында Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы кен көлемде, айрықша сән-салтанатпен аталып өтті. Табиғаттың жаңаруын, тіршіліктің түлеп, үміттің қайта жаңуын білдіретін көне мерекетүркі жұртының рухани тамырын тағы бір мәрте тоғыстырып, бауырлас халықтардың басын қосты.

**Болатбек ӘШМУҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық деңгейде ұйымдастырылған айтулы мерекетүркі әлемінің әртүрлінен келген делегациялар қатысып, мәдени байланыстарды нығайтуға, өзара ынтымақтастықты арттыруға үлес қосты. Қатысушылар Қазақстан делегациясының өнеріне тәнті болды. Әсіресе, Осакаров ауданы өнерпаздарының шетел сахнасында өнер көрсетуі – өңір мәдениеті үшін айтулы оқиға.

Аталған мәдени шара аясында Осакаров ауданының «Аудандық мәдени-сауық орталығы» КМҚК өңірліктері мен «Сарыбел» халық аспаптары ансамблі Түркияға арнайы шақырту алып, мерекелік бағдарламаның көрігін қыздырды. Аудан өнерпаздарының шығармашылық әлеуеті халықаралық деңгейде көрінгені де қуанышты жағдай.

Сапар барысында қазақстандық өнер иелері қатарынан екі концерттік бағдарлама ұсынып, қазақтың бай мұрасын, ұлттық әуенін, төл өнерінің терен тамырын түрік көрермендеріне кеңінен таныстырды. Күй күмбірі мен әсем әнге бөлеген кештер анықлап өтіп, көрерменнің зор ықыласына ие болды.

Сахна төрінде өнер көрсеткен «Сарыбел» ансамблі мен аудан өңірліктері Атретхан Сайран, Жанәділ Әлғазыұлы, Анаргүл Наурызхан өз өнерлерімен мерекенің шырайын кіргізіп қана қоймай, Қазақстан мен Түркия арасындағы мәдени алтын көпірдің нығая түсуіне үлес қосты. Олардың кәсіби шеберлігі мен ұлттық өнерді насихаттаудағы еңбегі жоғары бағаланып, Қазақстан Республикасының Анталия қаласындағы Бас консулы Қуат Қанафев пен Нигде қаласының басшысы Недим Ақмеше тарапынан Алғыс хаттар табысталды.

Наурыз – көктемнің келуін айшықтайтын мерекетана емес, сонымен қатар, халықтарды ғасырлар бойы табыстырып келе жатқан бірлік пен келісімнің, жанару мен жасампаздықтың символы. Соған сәйкес, ел мен елді табыстырған ізгі шараның тағы бір үлкен мысалы жерлестеріміздің осы сапары деп білеміз.

**Осакаров ауданы**

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 8:30-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы [link\\_zak@minfin.gov.kz](mailto:link_zak@minfin.gov.kz)

**Бұқар жырау ауданы**

• КЕЗДЕСУ

# Достықтың дара болмысы

Жаһандану дәуірінде адамзаттық құндылықтар түрлі сипат алып, заман ағымына сай сан тарауға түсіп жатқан тұста өзінің әуелгі болмысын жоғалтпай, ізгілікке бастайтын асыл ұғымдардың бірі – достық. Адалдық пен сыйластыққа, жанашырлық пен рухани жақындыққа негізделген бұл қасиет қашан да биік. Сондықтан да, достықты дәріптеу, оның шынайы болмысын жас буынның санасына сіңіру – бүгінгі қоғам үшін аяудай қажет. Осы орайда Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде «Үкілі үміт» клубының ұйымдастыруымен «Достың көңілі» атты келелі кездесу өтті.



– Қазіргі таңда «дос» деген асақ ұғымның паркына жететіндер сирек. Бүгінгі өлшемде бұл қасиет екіге жарылып бара жатқандай. Адал дос және амал дос. Адал дос – басына бұлт үйірілгенде жанынан табылып, қуанышыңды еселейтін, сенімен бірге өсетін шын жана-шырың. Ал, амал дос – тек өз мүддесін күйттеп жақындасатын, сәл қиындықта сенім көлірін бұзатын уақытта жолаушы. Мен өз басым бұл жалғанда Жансаядай қашан да арқамды сүйер, ішімдегі қабағымнан ұғатын айнымас серігімнің бар екеніне шүкір етемін. Оның ғалымға тән терең парасаты мен биік кісілігі маған ардайым үлкен тірек. Сондықтан, жастарға айтарымыз – жандарыңызда санда емес, сапада тұратын, бақ пен сында бірдей табылатын шын достарды ұстай біліңіздер, – деді Еркін Мұсабек өз сөзінде.

Іс-шараның мазмұнын байыта түскен тағы бір тұс – студенттердің ұлы тұлғалар, соның ішінде қазақ зиялылары арасындағы тарихи достық үлгілерін ортаға салуы. Бұл кештің танымдық салмағын арттырып, ұрпақтар сабақтастығын

жалғады. Сондай-ақ, «Үкілі үміт» клубының өнерлі жастары достық тақырыбындағы әндерді әуелетіп, жиялған қауымның көңіл пернесін деп басты.

– Еркін екеміздің бастан кешкен қызықты оқиғаларымызды жіпке тізе берсек, ұзақ сонар жығра айналады. Тіпті, біздің достығымыз тек екеміздің арасында шектеліп қалмай, отбасылық үлкен сыйластыққа ұласты. Асыл жарларымыздың бірге оқып, құрбы болуы осы рухани тұтастығымыздың іргесін бекіте түсті. Сонау жалынды жастық шақта екеміз де қаз мойын домбыраны үкілеп, айтыс аламында қатар шапқан едік. Студенттіктің алғашқы жылынан-ақ қара сөздің қаймағын қалқып, талай думанды тойда асаба болып арқырағанымыз да кешегідей көз алдымда. Өмірдің заңы ғой – бала кезде қасында топталып жүретін жора-жолдас көп болады, бірақ уақыт сынынан өткен сайын олардың қарасы селдіреп, іріктеледі екен. Сол уақыт зейінін сүрінбей өткен, жаныма қалған санаулы достардың ең асылы – осы Еркін. Бір қызығы, ауылымыздың арасы шалғай болса да, бізді

мектеп қабырғасындағы пәндік олимпиадалар табыстырды. Мен ол кезде химия пәнінің жұмбағына үйілсем, Еркін физика-математиканың күрделі әлемінде жүрген еді. Нақты ғылымдардан басталған сол алғашқы соқпақ, қазір қарап отырсақ, екемізді де қасиетті сөз өнеріне, ұлы әдебиеттің ортақ арнасына тоғыстырды, – деді Жансая Жарылғапов.

Кеш аясында достық туралы ақпаратқа өз ойларын жазып келген жастардың да шығармашылық жұмыстары сараланды. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтіп, өз пайымын жүйелеуге ықпал етті. Сонымен қатар, клубтың шығармашыл жастары кейіпкерлермен алдын ала сұхбаттасып, достықтың мән-мағынасы жөнінде танымдық бейнесұхбат әзірлеген. Аталған бейнесұхбатты клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан көруге болады.

– Бұл тақырыпты қозғау көптен бері көңілде жүрген еді. Шыны керек, қазіргі уақытта арасына қылау түспеген, ондаған жылдар бойы сыйластығын жоғалтпаған шынайы достарды табу оңай емес. Осындай тағылымы мол тұлғалардың өмірлік өнегесі – жастар үшін баға жетпес сабақ. Құндылықтардың қалірі көмескіленіп, виртуалды әлем шынайы қарым-қатынасты алмастырған тұста, осындай келелі кездесулер әр жастың санасына сауле түсіріп, дұрыс бағдар береді деп сенемін, – деді іс-шараны ұйымдастырушы, «Жастар әлемі» журналының редакторы Гүлнар Шоменова.

Кездесу соңында жастар қос кейіпкердің жарқын бейнесі бедерленген және бір-біріне арналған ақжарма тілектері жазылған ерекше картинаны сыйға тартты.

Иә, қоғамда әркім достықты өз пайымына өлшейді. Дегенмен, оның алтын дінгегі – адалдық пен сенім екені хақ.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• КИКБОКС

# Бангкокта бағы жанды

Балқаштық боксшы Гаухар Сайлаубек тағы бір мәрте туған қаласының абыройын асқақтатты. Таиланд астанасы Бангкокта өткен бокстан әйелдер арасындағы Әлем кубогында жерлесіміз күміс жүлдеге ие болып, ел мерейін үстем етті.



Нұрлов КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық деңгейдегі байрақты бәсекеге 34 мемлекеттен былары қолғап шеберлері қатысқан. 48 келі салмақта өнер көрсеткен Гаухар жарыс барысында жоғары шеберлік танытып, үш қарсыласын айқын басымдықпен жеңді. Алғашқы кездесуінде таиландтық спортшыны ұтса, кейінгі кезеңде тұркиялық боксшының жарыстан бас тартуына байланысты финалға жолдама алды. Шешуші айқаста вьетнамдық қарсыласымен кездесіп, тартысты бәсекеде аз ғана басымдықпен есе жіберіп, күміс жүлдені қанағат тұтты.

Жеңімпаз спортшыны әуежайдан жақындары, спорт саласының өкілдері мен жанкүйерлер зор құрметпен қарсы алды. Олардың қатарында жаттықтырушы Дулат Саметов, Балқаш қалалық спорт клубының басшысы Ардақ Мурсалин, сондай-ақ, туыстары мен әріптестері болды.

– Бұл жарыс мен үшін үлкен

тәжірибе алаңы болды. Әлем аренасында мықты қарсыластармен кездестім. Екінші орын – мен үшін үлкен жетістік. Алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыруға күш саламын. Қолдау білдірген барша жандарға алғысым шексіз, – деді Гаухар Сайлаубек.

Айта кетейік, Гаухар бұған дейін де бірқатар ірі жетістіктерге қол жеткізген. Ол – бес дүркін Қазақстан чемпионы, халықаралық жарыстардың жүлдегері. Италия мен Венгрияда өткен әлем чемпионаттарында қола жүлде иеленсе, Ташкентте ұйымдастырылған Әлем кубогында чемпион атанған. Сонымен қатар, Түркияда өткен додада да күміс медаль еншілеген. Жерлес спортшының жеңісі елеусіз қалмады. Қалалық спорт клубы тарапынан 200 мың теңгелік сертификат табысталса, демеушілер де құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасады. Жаттықтырушы Дулат Саметовке де 300 мың теңгелік сертификат табысталды.

БАЛҚАШ

Сурет Г.Сайлаубектің жеке мұрағатынан

• БАЙҚАУ

# Өнер колледжінің өрелі жеңісі

Ертістің жағасындағы шежірелі Керекуден Арқа төріндегі Кеншілер шаһарына ақжолтай хабар жетті. Павлодар қаласында өткен «Отанның әні» атты республикалық байқауда Тәттімбет атындағы өнер колледжінің студенттері топ жарды.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Еліміздің әр кирынан 800-ге жуық жас дарын қатысқан бұл байқауда бәсеке жоғары болды. Осындай тартысты додада Арқа өңірінің намысын қорғаған оқу орнының нәтижесі көңіл қуантарлық. Керекуге аттанған Тәттімбет атындағы өнер колледжінің 10 студенті де жүлделі орын иеленді.

– Бұл өнер доласы маған теңдессіз шабыт сыйлады. Әр аймақтан келген таланттардың өнеріне тәнті болып, әрбіріміз рухани азық жинадық. Мұндай дүбірлі додалар жас орындаушылардың қанатын қатайтып, сахна күдіретін сезінуіне, өз-өзіне деген сенімінің беки түсуіне зор ықпал етеді. Бұл жеңісіміз арқылы жігерімізді жанып, келешекте де биік белестерде бақ сынауға бел буып

отырмыз. Бойымыздағы дарынды ұштап, бізді үлкен сахнаға дайындаған жетекші ұстаздарымызға шын жүректен алғысымызды білдіреміз, – деді жүлдегер Айдын Құрметбек.

Жеңімпаздар көшін Бибарыс Лангаров бастады. Ол қазылар алқасын өнерімен тәнті етіп, байқаудың Бас жүлдесін қанжығасына байлады. Ал, Айдын Құрметбек, Алуа Оралбай, Даяна Айсіна, Алижан Сарсенбаев, Әділжан Сабырбек және Ұласхан Жалғасов сынды алты бірдей өнерпазымыз жүлделі І орынның иегерлері атанып, алтыннан алқа тақты.

Сонымен қатар, Нурикамал Тұрар мен Аяулым Хавдасал да мықтылар қатарынан көрініп, ІІІ орынды еншіледі.

Сурет ұйымдастырушылардан

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

# Махаббат – мәңгі ертегі

15 сәуір – «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» күнін әркім әр қалай атап өтеді. Ал, Қарағандыдағы №64 негізгі орта мектебінің ұжымы болса, қайырымдылық іс-шарасымен ұштастырды. Мектеп мұғалімдері мен оқушылары қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясынан сахналық үзінді ұсынып, қала мектептерінің оқушыларын бір алаңға басын қосты. Қойылымнан жиналған қаражат ауыр жағдайда қалған қарағандылық спортшы Арслан Атымтаевтың еміне аударылды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған білім ордасында тәрбие бағытында ауқымды жұмыстар жүйелі жүргізілуде. Мектепте «Қамқорлық», «Шабыт» әлеуметтік жобасы аясында оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға ерекше мән берілген. Қоғамдық жұмыстарға тартып, игі бастамалар ұйымдастыру жолға қойылған. Мектеп директоры Жанар Сәлімбаева болса, бұндай жұмыстардың жас ұрпақтың бойына жауапкершілік, жанашырлық және азаматтық белсенділік қасиетін қалыптастыратынын баса атап өтті.

– Ұлттық рух пен заң алдындағы жауапкершілікті насихаттау мақсатында қала мектептерінде түрлі сахналық қойылымдар ұйымдастыру жоспар-



ланған. Осы ретте біз Ғабит Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» пьесасы негізінде Ғашықтар күніне орай шағын қойылым қойдық. Қойылымнан түскен қаражат ауыр жағдайда қалған қарағандылық спортшы Арслан Атымтаевтың еміне аударылды. Сахналық туындыға мектеп ұстаздары мен оқушылары белсене қатысуда. Білім ордасы аралас мектеп болғандықтан, кейіпкерлер қатарында өзге ұлт өкілдері де бар. Олар қазақ тілінде еркін сөйлейді. Сондай-ақ, мектеп оқушыларын біріктіріп, қайырымдылық шарасын ұйымдастыруға қолдау көрсеткен «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалына алғысымызды білдіреміз, – деді Жанар Сәлімбаева.

Мектепте театр үйірмесі жұмыс істейді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Айгүл Маратованың жетекшілігімен мұнда 15 оқушы тәлім-тәрбие алууда. Бүгінде бұл пьеса үйірме мүшелерінің алғаш рет осындай үлкен сахнаға алып шыққан қойылымдары екен. Өзі қойылымда басты кейіпкерлердің бірі Баянның әкесі Қарабайдың рөлін сомдаған. Кейіпкердің мінез-құлқын сахнада шынайы бейнелеп, жоғары деңгейде алып шыға білді.

– Шәкірттерім жерлесіміз Арсланға көмек көрсету мақсатында осындай қойылым ұйымдастырып, қаладағы өзге мектептердің оқушыларын да тарту туралы ұсыныс білдірді. Сонымен қатар, қойылымнан

түскен қаражатты оның еміне аударып, қайырымдылықпен айналысайық деген бастама көтерді. Осы игі ойдан кейін біз бірден іске кірісіп кеттік. Мектепте ақпан айынан бері театр үйірмесі жұмыс істеп келеді. Сол уақыттан бастап дәл осы пьесаға дайындалып, оны көпшілік назарына ұсынды жоспарлаған едік. Кейін Арсланның жағдайын естіп, оған қолдау білдіру, шамамыз келгенше көмектесу мақсатында қойылымды Ғашықтар күнінде сахнаға алып шықтық. Қарабай – сараңдығымен танылған, қос ғашықтың қосылуына қарсы болған кейіпкер. Ол үшін байлық бөрінен биік. Тіпті, туған қызынан гөрі мал-мүлкін жоғары қоятын адам. Дәл осы көрмеге ай бойы дайындалдық, – деді ол.

Қозы бейнесін 8 «Ә» сынып оқушысы Мейіржан Рамазан сомдаса, Баян рөлін 9 «Ә» сынып оқушысы Аяулым Жұманова шеберлікпен алып шыға білді. Мейіржан Қозының адалдығы мен қайсарлығын, кіршіксіз махаббатын әсерлі қимыл-қозғалысы, дауыс ырғағы арқылы көрерменге әсерлі жеткізген. Ал, Аяулым болса, Баянның нәзіктігі мен батылдығын үйлестіре отырып, оның жан дүниесіндегі арпалысты толық аша алды. Ал, екеуінің сахнадағы үйлесімі көрерменді бейжай қалдырмады. Көрермен қауымының ыстық ықыласына бөленіп, зор қошеметке ие болды.

Суретті түсірген автор

<p><b>ORTALYQ QAZAQSTAN</b></p> <p>Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет</p> <p>Құрылтайшысы: облыс әкімдігі</p> <p><b>МЕНШІК ИЕСІ:</b> «Saryarqa Aqparat» ЖШС</p>		<p><b>Телефондар:</b></p> <p>Бас редактор: 43-38-53</p> <p>Бас редактордың орынбасары: 43-58-08</p> <p>Интернет-редакция редакторы: 43-38-33</p> <p>Жауапты хатшы: 43-49-72</p> <p>Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;</p>		<p>• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p> <p>• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.</p> <p>• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.</p> <p>• Материалдың жариялану ақысы төленген</p>		<p>«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ</p> <p>Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,</p> <p>БИК КС.ІВ.КЗХХ БИН 000840001412</p> <p>Таралымы 4 068</p> <p>№41 тапсырыс. Индекс 65484</p> <p>Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.</p>			
<p>Директор</p> <p><b>Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА</b></p> <p>Директордың орынбасары</p> <p><b>Станислав Альбертович ПЕСНЕВ</b></p> <p>Директордың орынбасары</p> <p><b>Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА</b></p>		<p>Бас редактор</p> <p><b>Е.К. МҰСАБЕК</b></p> <p>Бас редактордың орынбасары</p> <p><b>Қ.А. АЙТЖАН</b></p> <p>Сайт редакторы</p> <p><b>А.Ә. СОВЕТ</b></p> <p>Жауапты хатшы</p> <p><b>С.Б. ПИЯШ</b></p>		<p><b>Меншікті тілшілер:</b></p> <p>Ақтоғай, Шет, Балқаш,</p> <p>Приозерск: 8-702-293-13-70</p> <p>Қарқаралы, Нұра,</p> <p>Осакаров: 8-702-216-73-50</p> <p>Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,</p> <p>Бұқар жырау: 8-775-189-33-19</p>		<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.</p> <p>Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.</p> <p><b>Мекенжайымыз:</b> 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 Үй.</p>		<p>Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88</p> <p>телефонына хабарласыңыздар.</p>	
<p><b>Электрондық пошта:</b> ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru</p> <p>Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru</p>		<p>Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88</p> <p>телефонына хабарласыңыздар.</p>		<p>Бағасы келісім бойынша</p> <p>«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.</p> <p><b>Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.</b></p> <p>Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.</p> <p>Кезекші редактор <b>Жамап СОВЕТҚЫЗЫ</b></p>					